



KAZAKHEXPORT

ЭКСПОРТТЕР ҮШІН
СЕНІМДІ ҚОРҒАУ

20

21

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

«KAZAKHEXPORT» ЭКСПОРТТЫҚ
САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ



КАЗАКХЭКСПОРТ

ЭКСПОРТТЫҚ САҚТАНДЫРУ
КОМПАНИЯСЫ

Құрметті оқырман!

Сіздердің назарларыңызға “KazakhExport” ЭСК” АҚ-ның 2021 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс қорытындылары ұсынылған Жылдық есепті ұсынамыз.

Біздің жариялайтын есебіміз қазақстандық экспорттаушы кәсіпорындарды қаржылық, сақтандыру және қаржылық емес қолдау тәжірибесін қалыптастырудағы тәсілдемелерді, сондай-ақ экономиканың басым секторларында шикізаттық емес тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер экспортының өсуіне қосқан үлесін көрсетеді.

Есеп дизайны ұлттық стиль элементтерімен орындалған, ол үш негізге: ықшамдылыққа, дәстүрлі құндылықтарға, табиғилыққа негізделген.

Есептің дизайны дамудың үйлесімді векторында сенімді түрде алға жылжи отырып, өзінің бастауларын ұмытпайтын, құрметтейтін және есте сақтайтын заманауи жаңа Қазақстанның жолын көрсетеді.

Осылайша, біз шикізаттық емес сегменттің отандық экспорттаушыларын, қазақстандық өндіріс пен шетелдік импорттаушыларды қолдау және қорғау жөніндегі ұстанымымызды және ұмтылысымызды білдіргіміз келеді.

Жақсы уақыт өткізуге тілектеспіз!

МАЗМҰНЫ

2021 жылдың
негізгі көрсеткіштері

Даму
стратегиясы

Операциялық
қызмет
нәтижелері

Корпоративтік
басқару

Ұйымдастыру
құрылымы

Тұрақты даму
саласындағы
қызмет

Қосымшалар

Компания туралы	4	Комплаенс-бақылау	53
Компанияның даму кезеңдері	6	Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу	53
2021 жылғы негізгі оқиғалар	8	Комплаенс-тәуекелді басқару	54
Директорлар Кеңесі Төрағасының Үндеуі	10	Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл	56
Басқарма Төрағасының Үндеуі	12	Корпоративтік хатшы	60
2021 жылдың негізгі көрсеткіштері	14	Сыртқы аудит	60
IT саласындағы негізгі жұмыстар	16	Тәуекелдерді басқару	61
Бизнес-модельдің сипаттамасы	17	Клиенттер мен контрагенттердің тәуекелдерін бағалау	62
Біздің артықшылықтарымыз	17	Тұрақты даму саласындағы қызмет	64
Қолдау құралдары	18	Тұрақты дамуды басқару	65
Даму стратегиясы	21	Маңызды тақырыптарды анықтау	70
Дамудың стратегиялық бағыттары	23	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу	72
2021 жылы ҚНҚ нысаналы мәндерін орындау	24	Тұрақты дамуды басқарудың ұйымдық құрылымы	76
Әлеуметтік-экономикалық тиімділік	25	Тұрақты дамуды басқару жүйесінің көрсеткіштері	77
Шетелдік өкілдердің қызметі	29	Экологиялық аспект	79
Операциялық қызмет нәтижелері	31	Әлеуметтік аспект	80
Сақтандыру қызметінің көрсеткіштері	32	Кадрлық құрам	81
KazakhExport қолдауымен 2021 жылы іске асырылған маңызды кейстер	36	Қызметкерлерді оқыту және дамыту	82
Қаржылық көрсеткіштер	38	Жұмыскерлер қызметінің тиімділігін бағалау	83
Сатып алу тәжірибесі	39	Еңбекақы төлеу және қызметкерлерді ынталандыру	83
Әрі қарайғы жоспарлар мен міндеттер	40	Кадрлық резерв және сабақтастық	83
Корпоративтік басқару	42	Қызметкерлердің әл-ауқаты	84
Корпоративтік басқару жүйесі және оның қағидаттары	43	Әлеуметтік қамсыздандыру	85
Корпоративтік басқару қағидаттары	43	Қызметкерлердің қауіпсіздігі	85
Жалғыз акционер	44	Әлеуметтік белсенділік	86
Акционерлік капитал	44	Қорытынды	87
Дивидендтер төлеу	44	1-қосымша. GRI индексі	88
Ұйымдастыру құрылымы	45	2-қосымша. “KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының корпоративтік басқару	93
Директорлар кеңесі	46	3-қосымша. Қаржылық есептілік	159
Басқарма	52	Байланыстар	164
Корпоративтік әдеп	52		



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ



“KAZAKHEXPORT” ЭКСПОРТТЫҚ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

(БҰДАН ӨРІ – KAZAKHEXPORT НЕМЕСЕ КОМПАНИЯ) –

GRI 102-1, 102-2

экспорттық операцияларды қорғаудың сақтандыру құралдарын өткізе отырып, қазақстандық экспортты қолдау үшін құрылған ұлттық даму институты. **Kazakh-Export** шикізаттық емес сектордың экспорттаушы кәсіпорындарының сыртқы экономикалық келісімшарттарын іске асыруды қолдайтын коммерциялық және саяси тәуекелдерді сақтандыру жөніндегі қызметтерді ұсынады.

KAZAKHEXPORT МИССИЯСЫ –

экономиканың басым секторларында шикізаттық емес тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер экспортының өсуін қолдау және қазақстандық кәсіпорындарды қаржылық-сақтандыру және қаржылық емес қолдау тәжірибесін қалыптастыру.

KAZAKHEXPORT ПАЙЫМЫ –

Қазақстан Республикасының экспорттық операцияларына қаржылық қолдау көрсету жөніндегі негізгі даму институты болу.

КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ



2003

Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – ҚР) №442 қаулысымен “Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы” (бұдан әрі - МСК) құрылды.



2004

- Moody’s Investors Service рейтингтік агенттігінен халықаралық қаржылық сенімділік рейтингін алу.
- Берн Одағының Прага клубына – ірі халықаралық экспорттық-кредиттік агенттіктердің қауымдастығына кіру (бүгінгі таңда әлемнің әр түрлі елдерінен 82 компания Берн одағының мүшелері болып табылады, олардың екеуі бақылаушы мәртебесіне ие).

2005
–2018

Пропорционалды да, пропорционалды емес негізде де қайта сақтандыру компаниясы ретінде сақтандыру нарығында операция жасау.



2010

- Функцияларының кеңеюіне байланысты ребрендинг жүргізілді және МСК “ҚазЭкспортГарант” экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы” АҚ (бұдан әрі-ҚазЭкспортГарант) болып өзгертілді.
- Экспорттық сауда қаржыландыру бойынша операцияларды қолдау мақсатында жарғылық капиталды ұлғайту.



2012

ҚР тарихында алғаш рет ҚазЭкспортГарант қаржылық-сақтандырудың қолдауымен отандық локомотивтерді Тәжікстан Республикасына экспорттады.

2013

“Бәйтерек” ҰБХ” АҚ (жалғыз акционер) құрамына кіру.

2014

Aman Union – Ислам мемлекеттері мен араб әлемінің ірі экспорттық-кредиттік агенттіктерінің қауымдастығына кіру.



2015

- 1934 жылы құрылған және экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандырумен айналысатын сақтандыру компанияларының бейресми бірлестігі болып табылатын Берн Одағының байқаушысы мәртебесін беру.
- ҚР тарихында алғаш рет ҚазЭкспортГаранттың қатысуымен The Islamic Corporation for the Insurance of Investment and Export Credit-ке (бұдан әрі - ICIEC) қайта сақтандыра отырып, Әзірбайжан Республикасына 10 отандық локомотивті жеткізу жөніндегі лизингтік қаржыландыру схемасы бойынша халықаралық деңгейдегі экспорттық мәміле жасалды.



2016

- “Қарыздарды сақтандыру”, “АҚЖ сақтандыру” сақтандырудың қосымша кластары бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лицензиялары алынды, сондай-ақ экспортты қолдаудың жаңа құралдары (қарыздарды ерікті сақтандыру, алғытөлемді сақтандыру, экспорт алдындағы қаржыландыру, лизингті сақтандыру) әзірленді және енгізілді.
- Сақтандыруды қолдау құралдарының желісін кеңейту: қарыздарды ерікті

сақтандыру, алғытөлемді сақтандыру, ұлттық валюта мен ресей рубліндегі сауданы қаржыландыру, сондай-ақ қаржылық лизингті сақтандыру.

- Жарғылық капиталды 14 млрд теңгеге ұлғайту.
- “Қазақстанның Даму Банкі” АҚ-мен бірлескен несиелік мәмілелер іске асырылды, олардың аясында ҚазЭкспортГарантты қарызды сақтандыру өнімі арқылы сақтандырып қорғау ұсынылды.



2017

- ҚазЭкспортГарантты “KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамы (бұдан әрі - **KazakhExport**) етіп қайта құру және ұлттық компаниялар тізбесіне енгізу.
- ҚР Ұлттық экспорттық стратегиясына сәйкес **KazakhExport**-тың 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясын өзектендіру.
- Жарғылық капиталды 13,9 млрд теңгеге ұлғайту.



2018

- KazakhExport**-ты 2018 жылғы наурызда Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55А “Бәйтерек” БО мекенжайы бойынша ҚР астанасына көшіру.
- “Жалпы сақтандыру” саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына 2018 жылғы 21 мамырдағы №2.1.55 лицензияны қайта ресімдеу.
- Қазан қаласында (Ресей Федерациясы) кеңсе ашу және Қытай Халық Республикасында шетелдік өкілді тағайындау.



2019

- Ташкент қ. (Өзбекстан Республикасы), Душанбе қ. (Тәжікстан Республикасы), Екатеринбург қ., Новосибирск қ. (Ресей Федерациясы), Бішкек қ. (Қырғыз Республикасы) экспорттық және басымды экспорттық қызығушылығы жоғары елдерде кеңселер ашу.
- Жарғылық капиталды 34 млрд теңгеге ұлғайту.
- KazakhExport**-тың 10 жыл қолдану мерзімімен экспортты қолдау бойынша 100,2 млрд теңгеге ҚР мемлекеттік кепілдігін алуы.



2020

- KazakhExport**-тың Жарғылық капиталын 29 млрд теңгеге ұлғайту.
- Moody’s Investors Service халықаралық рейтинг агенттігі **KazakhExport** сақтандырушысының қаржылық тұрақтылығының рейтингін оң болжаммен халықаралық меже бойынша “Баа3” деңгейінде растады.
- KazakhExport**-ты сақтандырып қорғауды Екінші деңгейдегі банктердің қарыздары бойынша өтімділігі жоғары қамтылыммен теңестірді.

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



10 жыл мерзімге 100,2 млрд теңге көлемінде экспортты қолдау бойынша ҚР мемлекеттік кепілдігі алынды.



KazakhExport 5 млрд теңге сомасына капиталдандыруды жүзеге асырды.



“Экспорттық кредиттерді субсидиялау” құралын енгізу мақсатында “Өнеркәсіптік саясат туралы” ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.



Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиямен “ҚР Экспорттық-кредиттік агенттік туралы” және “ҚР кейбір заңнамалық актілеріне отандық әңделген тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сыртқы нарықтарға экспортын ілгерілетуді қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” ҚР Заңдары жобаларының тұжырымдамалары мақұлданды.



Екі облигаторлы қайта сақтандыру шарты жасалды:

- әлемнің ірі қайта сақтандыру компанияларының бірі Swiss Reinsurance Company-ге (S&P AA-рейтингі) СКДЗ және ЭК қайта сақтандыру бойынша 6,2 млрд теңгеге қайта сақтандыруға тәуекелдер берілді;
- ICIES инвестициялар мен экспорттық кредиттерді сақтандыру жөніндегі Ислам корпорациясына (Moody' s-тің Aa3 рейтингі) құжаттамалық аккредитивтерді қайта сақтандыру бойынша 1,4 млрд теңгеге тәуекелдер берілді.



Факультативтік қайта сақтандыру бойынша мәмілелер жасалды:

- “ЭКСПАР” АҚ Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру агенттігімен 2,7 млрд теңге сомасына “Росэксимбанк” АҚ-ға халықаралық факторингті қайта сақтандыра отырып, ҚР экспорттаушысын қолдау жөніндегі мәміле жүзеге асырылды;
- “Asia Insurance” (Өзбекстан Республикасы) фронтер-сақтандыру компаниясымен ҚР өндірілген “Hyundai” маркалы автомобильдерді сатып алу бойынша 237 млн теңге сомасына мәміле жасалды.
- Екібастұз қаласында ферроқорытпа зауытын салу жобасын іске асыру аясында “Халық” сақтандыру компаниясы” ҚР Халық Банкінің еншілес ұйымы” АҚ-мен 20 млрд теңге сомасына шығыс тепе-тең факультативтік қайта сақтандыру шарты жасалды.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

GRI 102-14

Директорлар кеңесінің
төрағасы, Қазақстан
Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Сауда
және интеграция
министрі

Бақыт СҰЛТАНОВ

Құрметті әріптестер, серіктестер, стейкхолдерлер және инвесторлар!

"KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" АҚ бүгінгі таңда қазақстандық сақтандыру нарығында экспорттаушы кәсіпорындар мен қаржы институттарына шаруашылық қызметтің барлық кезеңдерінде қаржылық тәуекелдерден қорғау жөніндегі сақтандыру қызметтерінің толық спектрін ұсынатын жалғыз ұйым болып табылады.

KazakhExport-тың 2021 жылғы қызметінің қорытындылары отандық экспортты қолдау жөніндегі қойылған міндеттерді орындаудың тиімділігін көрсетті. Әлемдік экономикадағы жалпы тұрақсыз жағдайға, сыртқы нарықтардағы күрделі процестерге қарамастан, KazakhExport көрсетілетін қызметтер көлемін сақтап қана қоймай, оларды айтарлықтай арттыра алды.

Осылайша, шикізаттық емес сектор кәсіпорындарын сақтандыра отырып қолдау 2020 жылғы 134,6 млрд теңгеден 2021 жылы 204,7 млрд теңгеге дейін артты, бұл KazakhExport тарихындағы рекордтық көрсеткіш болып табылады. Бұл өткен жылы экономиканың тамақ және химия өнеркәсібі, машина жасау, агроөнеркәсіптік кешен, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер экспорты, металлургия және басқа да шикізаттық емес салаларда жұмыс істейтін 81 қазақстандық өндіруші-экспорттаушыға қолдау көрсетуге мүмкіндік берді.

2021 жылы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 22 қыркүйектегі №657 қаулысымен KazakhExport-қа экспортты қолдау бойынша 10 жыл мерзімге 100,2 млрд теңге сомасына Мемлекеттік кепілдік беру туралы шешім қабылданды, бұл KazakhExport-тың сақтандыру міндеттемелерін одан әрі қабылдау мақсатында сақтандыру сыйымдылығын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде, қолданыстағы сыйымдылық шегінде сақтандыру портфелінің деңгейін сақтау KazakhExport сенімділігінің жоғары деңгейін және тиісінше, оған екінші деңгейдегі банктер, халықаралық қаржы институттары және шетелдік экспорттық-кредиттік агенттіктер тарапынан сенімді сақтайды. Бұл шикізаттық емес тауарлар мен қызметтердің отандық экспорттаушыларына экспорттық қызметті іске асыру кезінде KazakhExport-тан қаржылық қолдау алуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, KazakhExport-тың сақтандыруымен халықаралық қаржы институттары мен ірі коммерциялық банктерді ұзақ мерзімді қаржыландыруды тарту, өзінің шетелдік контрагенттерінің сауданы қаржыландыруға сүйенуі, өзінің экспорттық келісімшарттары бойынша қаржылық тәуекелдерді төмендету және экспортты қолдау жөніндегі KazakhExport-тың басқа да құралдарын қолдану.

KazakhExport қызметінің сәттілігін өткен жылы Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттігі атап өтті, ол KazakhExport сақтандыру қаржылық тұрақтылығының рейтингін "Baа3" - тен "Baа2" - ге дейін көтерді және эмитенттің болжамын тәуелсіз рейтингке сәйкес "оң нәтижеден" "тұрақтыға" өзгертті.

Сондай-ақ, 2021 жылы KazakhExport ҚР сауда және интеграция министрлігімен, ҚР Ұлттық экономика министрлігімен, ҚР Қаржы министрлігімен, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен, ҚР Ұлттық Банкімен және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен белсенді түрде өзара іс-әрекет етті. Нәтижесінде, ҚР қолданыстағы заңнамасына маңызды өзгерістер енгізілді.

Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиямен "ҚР Экспорттық-кредиттік агенттік туралы" және "ҚР кейбір заңнамалық актілеріне отандық өңделген тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сыртқы нарықтарға экспортын ілгерілетуді қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заңдары жобаларының тұжырымдамалары мақұлданды.

Жалпы, заң жобалары "Сақтандыру қызметі туралы" ҚР Заңының және сақтандыру және қайта сақтандыру қызметімен айналысу лицензиясының тікелей реттеуінен тыс әрекет ететін экспорттық-кредиттік агенттіктің арнайы құқықтық мәртебесін құруға бағытталған. Экспорттық-кредиттік агенттіктер қызметінің Ресейдегі, Венгриядағы, Канададағы, Аустралиядағы және Үндістандағы халықаралық тәжірибесі талданып, ол экспорттық-кредиттік агенттіктер экспорттаушылар мен қаржы ұйымдарына сақтандыруды, қайта сақтандыруды, кепілдендіруді, экспорттық операцияларды қаржыландыруды және өзге де ақпараттық-консультациялық қызметтерді жүзеге асыратынын көрсетті.

Бүгінгі таңда салалық шараларды сәтті іске асыру үшін заңнамалық жетілдіру жөніндегі жұмыс жүргізілуде. Осыған байланысты, министрлікпен бизнес-қауымдастықпен, қоғамдық ұйымдармен және мемлекеттік органдармен талқылау бойынша бірқатар бастамалар әзірленді.



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

GRI 102-14

KazakhExport
Басқарма
Төрағасы

Аслан КАЛИГАЗИН

Құрметті клиенттер, серіктестер және әріптестер!

2021 жылды қорытындылай келе, біз өткен жылдың **KazakhExport** үшін сәтті болғанын атап өтеміз. 2021 жылдың нәтижелері көрсетілетін қызметтер мен қолдау шараларының алуан түрлілігі, жақсы үйлестірілген портфельі шикізаттық емес экспортты дамытуды, елдің шикізаттық емес секторының қазақстандық экспорттаушыларын қолдау көлемін ұлғайтуды және қазақстандық кәсіпорындарды қаржылық-сақтандыру және қаржылық емес қолдау тәжірибесін қалыптастыруды дәйекті және тұрақты түрде ынталандыра алатынын көрсетті. Мұны біздің оң стратегиялық, операциялық және қаржылық нәтижелеріміз де дәлелдейді.

2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес **KazakhExport** үш стратегиялық - экспортты қолдау құралдарын жетілдіру, экспорттаушылар санын ұлғайту үшін жағдай жасау және операциялық тиімділікті арттыру мақсатын айқындады. **KazakhExport** бір жағынан экспорттаушылар мен шикізаттық емес экспорт көлемінің өсуіне ықпалын тигізсе, екінші жағынан көрсетілетін қолдау көлемінің ұлғаюы жағдайында өсіп келе жатқан клиенттік базаның талаптарына технологиялық және ұйымдастырушылық жағынан сәйкес келеді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша негізгі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізілді және көлемі асыра орындалды. Шикізаттық емес қызметтер мен тауарлардың қазақстандық экспорттаушыларын **KazakhExport**-тың қолдау көлемі 2021 жылы

204,7 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 50%-дан астамға өсті.

Есепті кезеңде 81 қазақстандық экспорттаушы өндіруші **KazakhExport**-тың қолдауына ие болды, оның ішінде 26 экспорттаушы біздің қызметтерімізді алғаш рет пайдаланды. **KazakhExport**-тың сақтандыра отырып қолдауымен жасалған экспорттық келісімшарттардың сомасы 2021 жылы 326,5 млрд теңгені құрады.

Біздің клиенттеріміз маңызды шикізаттық емес салаларда жұмыс істейді. 2021 жылы **KazakhExport** қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық түсім көлемі 213,8 млрд теңгені құрады.

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 22 қыркүйектегі № 657 қаулысымен **KazakhExport**-қа экспортты қолдау бойынша 100,2 млрд теңге сомасында мемлекеттік кепілдік беру туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ, **KazakhExport** 5 млрд теңге сомасына капиталдандыруды жүзеге асырды.


KazakhExport-тың активтері есепті жылы 122,8 млрд теңгеден 139,4 млрд теңгеге дейін өсті, меншікті капитал 114,2 млрд теңгені құрады. Компания 2021 жылды оң қаржылық нәтижемен аяқтады – таза пайда жоспардағы 1,6 млрд теңгеден 2,012 млрд теңгені құрады.

Сонымен қатар, **KazakhExport** корпоративтік басқару тәжірибесін жақсарту және тұрақты даму қағидаттарын енгізу жөніндегі жоспарлы жұмыс бойынша **KazakhExport** стратегиялық мақсаттарының бірін іске асыруды жалғастыруда. **KazakhExport** жұмысының негізгі басымдықтары ESG - қоршаған ортаға, адамдарға қамқорлық көрсету және корпоративтік басқарудың озық тәжірибесі, оның ішінде шикізаттық емес сегменттегі қазақстандық экспорттаушы кәсіпорындарды жаңғырту және декарбонизациялау қағидаттарына негізделеді.

2022 жылы **KazakhExport**-тың алдында өршіл мақсаттар тұр. **KazakhExport**-тың 2022 жылға арналған жоспарында Қазақстан Республикасының экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік кепілдігін кемінде 210 млрд теңге сомаға ұлғайту, отандық экспорттаушыларға 250 млрд теңге көлемінде қаржылық-сақтандыру қолдауын көрсету, экспортты қолдау және дамыту мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу, заңнамалық тұрғыдан жетілдіру жөніндегі одан әрі жұмыс және шикізаттық емес экспортты одан әрі ұлғайту жөніндегі басқа да стратегиялық міндеттер бар.

Табысты ынтымақтастық орнатқаны және шикізаттық емес тауарлар мен қызметтер экспортының дамуына үлес қосуға ұмтылғаны үшін клиенттерге, серіктестерге және әріптестеріме ризашылығымды білдіремін.

Амандық пен өркендей берулеріңізді тілеймін!



2021 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

GRI 102-7

Қызметтің негізгі көрсеткіші	2018	2019	2020	2021		% орынд.
	Факт	Факт	Факт	Жос-пар	Факт	
Экспорттық келісімшарттар сомасы, млрд теңге	420	544	589	455	326,5	72%
Экспорттық келісімшарттар саны, бірл.	334	368	374	363	212	58%
Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі, млрд теңге	90,2	97,8	134,63	200	204,7	102%
Бір жылдағы таза пайда, млрд теңге	1,59	2,36	3,86	1,6	2,01	125%
Жыл соңындағы активтер, млрд теңге	48,65	88,20	122,87	129,1	139,4	108%
Жыл соңындағы меншікті капитал, млрд теңге	43,31	79,19	109,44	116	114,2	98%
ROA	3,3	3,4	3,7	1,28	1,53	

212
келісімшарт

есепті кезеңде импорттаушылармен жасалды

204,7
млрд теңге

Қабылданған міндеттемелердің көлемі, орындалуы 102%

114,2
млрд теңге

меншікті капитал 2021 жылдың қорытындысы бойынша, Kazakh Export активтері 139,4 млрд теңге құрады

KazakhExport-тың активтерді пайдалану тиімділігінің көрсеткіші 2021 жылы жоспарлы мәннен

326,5
млрд теңге

2021 жылы KazakhExport-пен көрсетілген қолдау шаралары кезінде жасалған экспорттық келісім-шарттардың сомасы

212

жаңа экспорттаушылардың саны бойынша жоспарды асыра орындау. 2021 жылы 26 жаңа бірегей экспорттаушы Компанияның қолдауына ие болды

2,012
млрд теңге

KazakhExport таза пайдасы

153% -ға асып,

1,53% -ды құрады.

IT САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖҰМЫСТАР

2021 жылы қағазсыз құжат айналымына көшу аясында, сондай-ақ оңтайландыру, тиімділік пен ұтымдылық деңгейін арттыру мақсатында **KazakhExport** бизнес-процестерін автоматтандыру жөнінде жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, кадрлық іс жүргізу, электрондық құжат айналымы, алқалы органдар және құрылымдық бөлімшелерге өтінімдер саласындағы 34 бизнес-процесс автоматтандырылды.

Алқалы органдардың жұмысы аясында **KazakhExport** басқармасының, андеррайтинг кеңесінің бизнес-процестері цифрландырылды, оның аясында отырыстар электрондық түрде өткізіледі, материалдар мен хаттамаларға қол қою SimBase ақпараттық жүйесінде электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы жүргізіледі.

Құрылымдық бөлімшелер жұмысының аясында:

қызметкерлерді қабылдау, жұмыстан босату және ауыстыру, демалыстар, іссапарлар, материалдық көмек көрсету, жұмыс уақытын есепке алу табелі, жалақыны арттыру, қызметкерлердің демалыс/мереке күндеріне шығуы, еңбекке жарамсыздық парақтарын, қызметкерлердің қашықтан жасалатын жұмысқа өтінімдерін есепке алу бөлігінде кадрлық құжат айналымының бизнес-процестері цифрландырылды;

Басқарма мүшелері мен басқарушы директорларға сенімхаттар беру бөлігінде құқықтық блоктың бизнес-процестері цифрландырылды;

KazakhExport-тың (help-desk) құрылымдық бөлімшелерінен өтінімдерді өңдеу бөлігінде ақпараттық технологиялар департаментінің бизнес-процестері цифрландырылды;

Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама беру, құрылымдық бөлімшелерден тауар-материалдық қорларды беруге арналған өтінімдер бөлігінде **KazakhExport**-тың әкімшілік-шаруашылық мәселелері бойынша бизнес-процестері цифрландырылды.

Ақпараттық қауіпсіздік аясында:

200 жоғары	ақпараттық қауіпсіздік инциденттерімен жұмыс жүргізілді	500 мың артық	ақпараттық жүйелерге жасалған шабуылға тойтарыс берілді	40 артық	IT инфрақұрылымдардағы осалдықтар жойылды
8 артық	енгізілген киберқауіпсіздік жүйелері		Компания қызметкерлерінің ақпараттық қауіпсіздік саласындағы хабардарлығын арттыру жүйесі автоматтандырылды		киберқауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, пандемия кезінде Компания қызметкерлерінің қашықтан қол жеткізуі ұйымдастырылды
5 артық	ішкі нормативтік құжаттар ҚР Ұлттық Банкінің және БТ талаптарына сәйкес әзірленді және өзектендірілді		Компанияның бас кеңсесінде және Алматы қ. компанияның өкілдігінде киберқауіпсіздікті жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілді		Компанияның корпоративтік сайты көпдеңгейлі сатыда қорғау жүйесі құрылды

БИЗНЕС-МОДЕЛЬДІҢ СИПАТТАМАСЫ

GRI 102-9

KazakhExport жалпы қабылданған халықаралық сақтандыру тәжірибелері арқылы отандық өндірушілер өнімдерінің экспортын қолдайтын жалғыз сақтандыру ұйымы және экспорттық кезеңнің барлық кезеңдерінде кәсіпкерлерді қолдайтын маңызды буын болып табылады.

KazakhExport-тың мемлекеттік даму институты ретіндегі қызметі бірінші кезекте тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және шетелге инвестициялардың ұлттық экспортын қолдау үшін коммерциялық және саяси тәуекелдерді жабу қажеттілігі мен мүмкіндігіне негізделеді.

KazakhExport экспорттық кредиттерді сақтандыру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес әзірленген, сондай-ақ әлеуетті және қолданыстағы клиенттің қажеттіліктеріне барынша сәйкес келетін ұлттық экспортты қолдаудың сақтандыру құралдарын ұсынады.

KazakhExport "ЭСК" АҚ бизнесті қолдау құралдары

- 1** Банк кепілдігін алуға және валюталық тәуекелдерді хеджирлеуге көмектесеміз
- 2** Сіздің тауарларыңызды сатып алу үшін шетелдік сатып алушыны қаржыландырамыз
- 3** Сіздің айналым капиталыңызды толықтырамыз
- 4** Шетелдік сатып алушыдан алғытөлемді алуға көмектесеміз

Біздің артықшылықтарымыз

- + Төлемді кейінге қалдыра отырып экспорттау мүмкіндігі, төлемді кейінге қалдыра отырып экспорттық сату көлемін ұлғайту;
- + **KazakhExport** сақтандыру қорғанысы болған жағдайда кредиттеу мүмкіндіктерін кеңейту және шарттарын жақсарту, себебі **KazakhExport** сақтандыруы банктік несиелер бойынша қамтамасыз ету болып табылады;
- + Экспорттық келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау шетелдегі контрагентке байланысты болмайтын саяси сипаттағы сақтандыру жағдайы басталған кездегі шығындарды қысқарту;
- + Төлемеу қауіптерін азайту;
- + Жаңа нарықтарға "қауіпсіз кіру" стратегиясының тиімді құралы;
- + Шетелдегі қазақстандық инвестицияларды саяси қауіптерден қорғау;
- + Анықталған экспорттық қауіптерге негізделген стратегиялық жоспарлау;
- + Экспорттық кредиттерді сақтандыру процедурасы, әдетте, аккредитив ашқаннан гөрі аз шығындарды талап етеді;
- + Экспорттық кредиттерді сақтандыру факторингтік операцияларға қарағанда арзан.

ҚОЛДАУ ҚҰРАЛДАРЫ

Негізгі өнімдер клиенттің түріне сәйкес 3 түрге топтастырылған:



Экспорттаушыларға
арналған өнімдер



Инвесторларға
арналған өнімдер



Қаржы институттарына
арналған өнімдер

01. — Экспорттаушыларға арналған өнімдер

Өнімнің атауы	Өнімнің қысқаша сипаттамасы	Өтелетін тәуекелдер
Экспорттық кредитті сақтандыру	Өнім төлемді кейінге қалдыру шартымен экспортқа өз тауарын/жұмысын/қызметін өткізу кезінде шетелдік контрагенттің қаржылық міндеттемелерді орындамау тәуекелінен экспорттаушыға қорғауды ұсынады.	Коммерциялық және саяси
Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру	Өнім экспорттаушыларды (сондай-ақ оларды қаржыландыратын банктерді) шетелдік сатып алушылардың төлемеу қаупінен қорғауға арналған. Осы өнім кезінде экспорттаушы экспорттық келісімшарттардың барлық портфелін төлемді кейінге қалдыра отырып сақтандыра алады.	
Экспортқа дейінгі қаржыландыру	Экспорттаушыны экспорттық өнімді өндіру немесе экспортқа жұмыстар мен қызметтерді орындау мақсатында айналым қаражатын толықтыруға қаржыландыру.	
Алғытөлемдерді қайтару бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	Өнім экспорттық өнімді өндіру немесе экспортқа жұмыстар мен қызметтерді орындау мақсатында айналым қаражатын толықтыру үшін қажетті шетелдік контрагенттерден алғытөлем түрінде баламалы қаржыландыруды алу мүмкіндігін береді.	
Облигациялар бойынша экспорттаушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	Экспорттық әлеуетті дамыту мақсатында экспорттаушылардың қаржыландыруды тарту, бұл ретте экспорттаушылармен шығарылған облигациялардың ұстаушылары дефолт қаупінен қорғалған.	
Жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге байланысты экспорттаушының шығындарын сақтандыру	Экспорттаушыны орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдау бөлігінде Шетелдік контрагенттің келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындамауына байланысты шығын тәуекелінен қорғау.	

02. — Инвесторларға арналған өнімдер

Өнімнің атауы	Өнімнің қысқаша сипаттамасы	Өтелетін тәуекелдер
Қазақстандық инвестицияларды шетелде сақтандыру	Өнім экспортты ұлғайту мақсатында инвестициялайтын елдегі саяси тәуекелдердің салдарынан шығын тәуекелінен қазақстандық инвесторды қорғауды ұсынады.	Саяси

03. — Қаржы институттары мен екінші деңгейдегі банктерге арналған өнімдер

Өнімнің атауы	Өнімнің қысқаша сипаттамасы	Өтелетін тәуекелдер
Экспорттық аккредитивтерді сақтандыру	Өнім экспорттаушының банкіне (растаушы банкке) импорттаушының тапсырмасы бойынша экспорттаушының пайдасына құжаттамалық аккредитив ашқан эмитент банктің қаржылық міндеттемелерді орындамау тәуекелінен қорғауды ұсынады.	Коммерциялық және саяси
Экспорттық сауданы қаржыландыру	Қолжетімді қаржыландыру қазақстандық тауарларды импорттаушыға экспорттық келісімшарттар бойынша есеп айырысудың аккредитивтік нысаны аясында беріледі.	
Қарыздарды сақтандыру	Өнім кепілдік қамтылымының жеткіліксіздігі және/немесе несие берушінің мәміле бойынша тәуекелді толық көлемде қабылдауға дайын болмауы шартымен экспортты дамыту үшін қарыз капиталына қол жеткізуге мүмкіндік береді.	
Жобалық қаржыландыруды сақтандыру	Өнім экспортқа бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қарыз капиталына қол жеткізуге мүмкіндік береді.	
Қаржы лизингін сақтандыру	Өнім кепілдікпен қамтамасыз ету жеткіліксіз және/немесе лизинг беруші мәміле бойынша тәуекелді толық көлемде қабылдауға дайын болмаған жағдайда, жабдықты сатып алу үшін лизингтік өнімдерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.	
Қаржы ұйымдары алдында Экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	Өнім Экспорттаушы үшін берілген кепілдікке сәйкес Бенефициардың пайдасына кепілгердің ақша сомасын төлеуді жүзеге асыруы нәтижесінде туындаған залал кезінде сақтандыру қорғанысын ұсынады.	
Шетелдік банк берген банктік кепілдіктерді сақтандыру	Өнім қаржы институттары мен экспорттаушыларға экспорттық келісімшарттар бойынша шетелдік банктің міндеттемелерін орындамау тәуекелінен қорғауды ұсынады.	
Мерзімді валюталық мәмілелер бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	Банктерге экспорттаушылардың валюталық мерзімді келісімшарттар бойынша міндеттемелерді орындамау қаупінен сақтандыру қорғанысын ұсыну.	
Халықаралық факторингті сақтандыру	Факторингтік операциялар бойынша қаржы ұйымын шетелдік контрагенттердің қазақстандық кәсіпорындармен жеткізілген тауар үшін ақы төлеу жөніндегі өздерінің келісімшарттық міндеттемелерін орындамау қаупінен сақтандыра отырып қорғау.	
Шетелдік контрагентті қаржыландыру кезінде кредиттік ұйымды сақтандыру	Шетелдік контрагенттің қазақстандық тауарларды сатып алуға арналған несиелік шарт бойынша негізгі қарызды өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындамауы бойынша несиелік ұйымды сақтандыра отырып қорғау.	
Қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру	Экспорттаушыларға қаржылық қызметтерді көрсету нәтижесінде шығындардың туындау тәуекелімен байланысты қаржы ұйымын сақтандыра отырып қорғау.	

Сақтандыру өнімдерінің кең спектрі экспорттаушыларға да, қазақстандық кәсіпорындардың экспорттық операцияларын жүргізуді қаржыландыратын банктерге де **тәуекелдерді басқару бойынша барынша мүмкіндіктерді** береді.

01. Шетелдік сатып алушының сенімділігін тегін тексереміз

- ◆ Экспорттаушының несиесін сақтандыру
- ◆ Экспорттаушының қысқа мерзімді дебиторлық берешегін сақтандыру
- ◆ Халықаралық факторингті сақтандыру
- ◆ Жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге байланысты экспорттаушының шығындарын сақтандыру

02. Банк кепілдігін алуға және валюталық тәуекелдерді хеджирлеуге көмектесеміз

- ◆ Мерзімді валюталық мәмілелер бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру
- ◆ Қаржы ұйымдары алдында экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру

03. Сіздің тауарларыңызды сатып алу үшін шетелдік сатып алушыны қаржыландырамыз

Экспорттық сауданы қаржыландыру

04. Сіздің айналым капиталыңызды толықтырамыз

- ◆ Экспортқа дейінгі қаржыландыру
- ◆ Алғытөлемді сақтандыру
- ◆ Қарыздарды сақтандыру
- ◆ Облигациялар бойынша экспорттаушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру

05. Кепілзат жетпеген жағдайда, банктен қаржыландыруды алуға көмектесеміз

Кепілзат жетпеген жағдайда, банктен қаржыландыруды алуға көмектесеміз

06. Шетелдік сатып алушыдан алғытөлемді алуға көмектесеміз

Алғытөлемді сақтандыру

07. Шетелдік сатып алушы тарапынан төлемеу қаупін өзімізге аламыз

- ◆ Халықаралық факторингті сақтандыру
- ◆ Экспорттаушының несиесін сақтандыру
- ◆ Экспорттық аккредитивтерді сақтандыру
- ◆ Шетелдік банктен берілген банктік кепілдіктерді сақтандыру
- ◆ Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру
- ◆ Жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге байланысты экспорттаушының шығындарын сақтандыру
- ◆ Инвестицияларды сақтандыру

ДАМУ
СТРАТЕГИЯСЫ

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

2018-2022 жылдарға арналған "ҚР Ұлттық экспорттық стратегиясының" міндеттерін ескере отырып, қолдау көрсетілген экспорттық келісімшарттар көлемін ұлғайту және қаржылық қолдауға ие болған экспорттаушылар санын нысаналы мәндерге дейін арттыру **KazakhExport**-тың негізгі стратегиялық мақсаттары болып табылады.

KazakhExport-тың стратегиялық даму бағыттары экспортты қолдау құралдарын жетілдіруді, экспорттаушылар санын ұлғайту үшін жағдай жасауды және операциялық тиімділікті арттыруды қамтиды. Өзінің негізгі қызметі аясында **KazakhExport** өңдеуші сектордың экспорттаушы кәсіпорындарына және екінші деңгейдегі банктерге экспорттық операцияларды қаржыландыру кезінде төлем жасамау тәуекелінен сақтандыра отырып қорғауды ұсынады және экспорттық мәмілелердің қауіпсіздігіне кепілдік береді.

Экспорт саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаты экспорттық қоржынды әртараптандыру және шикізаттық емес экспорттың озыңқы қарқынмен өсуін қамтамасыз ету болып табылады. Қаржылық қолдауға ие болған экспорттаушылар санының өсуіне мыналар арқылы қол жеткізуге болады:

- Өңірлерде жұмыс істеп тұрған және әлеуетті экспорттаушыларды тарту есебінен;
- Шетелдік өкілдіктер арқылы бизнес-байланыстарды ұйымдастыру есебінен;
- **KazakhExport** қызметі туралы хабардар болуды және танымалдылықты арттыру есебінен.

Қолдау көрсетілген экспорттаушының экспорттық мәмілелері санының артуына мыналар арқылы қол жеткізуге болады:

- Экспорттаушылар үшін бірыңғай интернет-ресурсты құру есебінен (Digital Baiterek);
- Несиелеу және сақтандыру қызметтерінің құнын арзандату есебінен;
- Бизнес-процестерді автоматтандыра отырып, тиімділікті арттыру есебінен.

Дамудың стратегиялық бағыттары

GRI 103-2

KazakhExport Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы шешімімен (№10 хаттама) бекітілген **KazakhExport**-тың 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес қолдау көрсетілген экспорттық келісімшарттар көлемін ұлғайту және қаржылық қолдауға ие болған экспорттаушылар санының өсуі **KazakhExport**-тың негізгі стратегиялық мақсаттары болып табылады.


Стратегиялық мақсаттарға сүйене отырып, **KazakhExport** дамуының үш стратегиялық бағыты айқындалды:




2021 жылдың қорытындысы бойынша KazakhExport стратегиялық ҚНҚ орындау:

● 2020 жылдың фактісі ● 2021 жылдың жоспары ● 2021 жылдың фактісі


Экспорттық келісімшарттар сомасы, млрд теңге*




KazakhExport-тың қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық түсім көлемі (2014 жылдан бастап жинақталған), млрд теңге**




Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі, млрд теңге




KazakhExport-тан алғаш рет қолдау тапқан экспорттаушылар саны



Экспорттық келісімшарттар саны*



ROA, %



2021 жылдың қорытындысы бойынша **KazakhExport-тың 7 стратегиялық ҚНҚ-нің 5-іне** қол жеткізілді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша қабылданған міндеттемелердің көлемі **204,7 млрд теңгені құрады** (орындалуы 102%).

2021 жылы 26 жаңа бірегей экспорттаушы **KazakhExport-тың** қолдауына ие болды, жаңа экспорттаушылар саны бойынша жоспарды асыра орындау - 104% құрады. Есепті кезеңде импорттаушылармен 212 келісімшарт жасалды, **KazakhExport** қолдау шараларын көрсету кезінде жасалған экспорттық келісімшарттар сомасы 2021 жылы **326,5 млрд теңгені** құрады.

Есеп беретін жыл ішінде **KazakhExport-тың** қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық түсім көлемі (2014 жылдың жинағымен) **жоспардан 188% - ға артып, 860,8 млрд теңгені** (2021 жылы 213,8 млрд теңге) құрады. Компанияның активтерді пайдалану тиімділігінің көрсеткіші 2021 жылы жоспарлы мәннен **153%-ға асып, 1,53% - ды құрады**.

2021 жылы барлық қолдау көрсетілген экспорттаушылар және тиісінше экспорттық келісімшарттар өңдеу өнеркәсібі және көрсетілетін қызметтер секторына жатады.

01.

Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдікті алу және жарғылық капиталды ұлғайту **KazakhExport-тың** сақтандыру сыйымдылығын ұлғайтуға және қаржылық тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік берді, бұл Компанияның Даму стратегиясын іске асыруға оң әсерін тигізді

02.

Экспорттаушылар үшін көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатында екінші деңгейдегі банктерді және даму институттарын ынтымақтастыққа тарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу

03.

Қолданыстағы және әлеуетті экспорттаушылармен өңірдегі өндірушілермен тікелей байланыса отырып, **KazakhExport** қолдау құралдары туралы хабардар болуды арттыру мақсатында **KazakhExport** өңірлік менеджерлерін елдің әрбір өңіріне бекіту

KazakhExport-тың даму стратегиясын іске асыруға келесі факторлар оң әсерін тигізді:

06.

PR белсенділікті арттыру жөніндегі іс-шаралар

05.

KazakhExport өнімдері бойынша серіктестерді еліміздің барлық 14 облыс орталықтарында, сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында оқыту

04.

Ішкі бизнес-процестерді оңтайландыру бойынша іс-шараларды жүргізу, оның ішінде карантин кезінде онлайн форматқа көшу (Covid-19)

Әлеуметтік-экономикалық тиімділік

KazakhExport экспорттық-кредиттік агенттік (бұдан әрі - ЭКА) функцияларын жүзеге асыратын ҚР жалғыз мамандандырылған сақтандыру ұйымы – даму институты болып табылады.

KazakhExport-тың бұл функциялары өңдеуші сектордың қазақстандық өнімінің шетелдік нарықтарға шығуын қолдау жөніндегі тиімді қаржылық механизмдерді құру мақсатында Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада бекітілді.

KazakhExport өзінің негізгі қызметі аясында өңдеуші сектордың экспорттаушы кәсіпорындарына және қаржы институттарына сыртқы сауда операциялары кезінде несиелік тәуекелден сақтандыру қорғанысын ұсынады және экспорттық мәмілелердің қауіпсіздігіне кепілдік береді.



KazakhExport-тың қаржылық-сақтандыру қолдауының арқасында 2021 жылы KazakhExport қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық түсім көлемі 213,8 млрд теңгені құрады. Сондай-ақ, 2021 жылдың қорытындысы бойынша **2 411 жұмыс орны** құрылды және қолдау тапты.




2021 жылы Компаниямен экономиканың басым секторларында экспорттаушыларға мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілді:

Атауы	Қабылданған міндеттемелердің көлемі, млн. теңге	Экспорттық келісімшарт сомасы, млн. теңге	Экспорттық келісімшарттар саны
АӨК-дайын өнім	30 084	29 577	13
Жеңіл өнеркәсіп	5 682	1 727	1
Машина жасау	37 219	40 755	4
Металлургия	52 445	7 131	4
Тамақ өнеркәсібі	68 870	169 308	176
Құрылыс материалдары	1 619	4 564	12
Өндірістік мақсаттағы теле-және радиоаппаратура өндірісі	12	12	1
Химия өнеркәсібі	2 793	73 441	1
Қызметтер/жұмыстар экспорты	5 978	-	-
Барлығы	204 704	326 515	212

Экспортты мемлекеттік қолдау шаралары KazakhExport жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді және 2021 жылы сақтандыру міндеттемелерін қабылдауды **204,7 млрд теңгеге** қамтамасыз етті, бұл 2020 жылғы деңгейден **1,5 есе жоғары**.

Төмендегі кестеде 2021 жылға арналған елдер бөлінісінде қабылданған міндеттемелер көлемінің серпіні көрсетілген:

● - 2020 ж.
● - 2021 ж.



KazakhExport даму стратегиясын іске асыру нәтижесінде 2018-2021 жылдар кезеңінде қолдау көрсетілген экспорт көлемін айтарлықтай ұлғайтуға және қолдау көрсетілген экспорттаушылар санын арттыруға қол жеткізілді. Өткен кезең ішіндегі жүргізілген белсенді жұмыс халықаралық жобалардағы сақтандыру және қаржылық сараптаманы тереңдетуге, сондай-ақ басым нарықтардың ерекшеліктерін ескере отырып, экспорттық мәмілелерді қолдау бойынша құзыреттерді кеңейтуге көмектесті.

Шикізат және шикізат емес экспорт, жалпы көлемнен %-бен 2019-2021 жылдардағы ҚР экспортының көлемі



ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес (бұдан әрі – Статистика) 2021 жылы Өңдеу өнеркәсібі экспортының көлемі **8 563 млрд теңгені** құрады.

2021 жылы **KazakhExport** қолдау құралдарымен қолдау көрсетілген өңдеу өнеркәсібі экспорттаушыларының экспорттық келісімшарттарының сомасы **326,5 млрд теңгені** құрады. **KazakhExport**-тың нарықтық үлесі 2021 жылы **3,81% көлемінде бағаланды** ($326,5/8563=3,81\%$ есебінен).

Тиісінше, экономиканың басым секторларында шикізаттық емес тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер экспортының өсуін қолдауға бағытталған **KazakhExport** қызметі қолдау құралдарының көмегімен 2018-2021 жылдары ҚР жалпы экспорты құрылымында шикізаттық емес экспорт үлесінің ұлғаюына ықпалын тигізді, статистика деректеріне **сәйкес 25,8%-дан 36,7%-ға дейін, тиісінше, 10,9%-ды** құрады.

ШЕТЕЛДІК ӨКІЛДЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

GRI 102-5

2021 жылы **KazakhExport** шетелдік өкілдерінің желісі бойынша

18

жоба

экспорттық мәмілелерді сақтандыру бойынша іске асырылды

16

шетелдік импорттаушы тартылды

4,9

млрд теңге

сақтандыру міндеттемелері қабылданды

153,6

млн теңге

сақтандыру сыйақыларының жалпы көлемі болатын



Компанияның шетелдік өкілдерінің көмегімен шетелдік контрагенттердің сенімділігі туралы 224 қорытынды берілді, сондай-ақ шетелдік импорттаушылармен, сауда желілерімен, банктермен, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарымен және басқа да қаржы институттарымен ынтымақтастық туралы 9 келісім мен меморандумға қол қойылды.

2021 жылы іске асырылған **KazakhExport** шетелдік өкілдерінің қатысуымен іске асырылған жобалардың ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:



Тәжікстан Республикасындағы шетелдік өкілмен жеңіл автомобильдерді жеткізуді қаржыландыру мақсатында Тәжікстанның "Амонатбанк" мемлекеттік жинақ банкімен шығарылған аккредитивтер арқылы, оның ішінде "Холдинг Азия Групп Таджикистан" ЖАҚ үшін "СарыаркаАвтоПром" ЖШС-мен мәміле алғаш рет іске асырылды.

Өзбекстан Республикасындағы шетелдік өкілдің көмегімен "Концерн Цесна Астық" ЖШС, "Цесна-Мак" ЖШС "Profit Store" ЖШҚ компаниясы үшін ұн, макарон өнімдері мен жарма жеткізуге экспорттық кредиттерді сақтандыру аясында жобалар іске асырылды. Сондай-ақ, шетелдік өкілдің көмегімен Өзбекстан Республикасына арматуралық арқандарды, болат арқандарды және қазақстандық өндіруші "KazMetiz" ЖШС болат сымдарын жеткізуді сақтандыру жүзеге асырылды.



Қытай Халық Республикасындағы шетелдік өкілдің көмегімен "Kaz-Ir Agro" ЖШС және "Oriental Silk Road Cultural Development Co., Ltd." компаниялары арасында экспорттық кредиттерді сақтандыру бойынша жобалар іске асырылды, сонымен қатар, алғаш рет құрғақ түйе және бие сүтін өндіруші "Евразия Инвест LTD" ЖШС компаниясына қолдау көрсетілді, импорттаушылар Khorgos Ami Import And Export Trade Co, Ltd және Camel Story International Trading Co., Ltd компаниялары болды.



2021 жылы **KazakhExport** экспорттық әлеуеті жоғары барлық елдермен, әсіресе шекара маңындағы мемлекеттермен халықаралық үкіметтік комиссияларға белсенді қатысты.



2021 жылы шетелдік өкілдердің көмегімен әлеуетті импорттаушылардың 3 сапары ұйымдастырылды:

1. Өзбекстан Макро сауда желісі өкілдерінің Қазақстанға сапары.
2. Импорттаушы "Мохир Тичорат" ЖШҚ-ның Қазақстанға сапары. Келіссөздер барысында **KazakhExport** қолдау құралдарын пайдалану мүмкіндігімен Тәжікстан Республикасына металпрокатын жеткізу мәселелері талқыланды.
3. Пәкістан Ислам Республикасының Темір жолдарын жаңғырту жобасы аясында әлеуетті ынтымақтастық мәселесі бойынша Habib Syndicate Пәкістандық компаниясының Бас директорымен кездесу өтті.



**ОПЕРАЦИЯЛЫҚ
ҚЫЗМЕТ
НӘТИЖЕЛЕРІ**

САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

GRI 102-4


KazakhExport экспорттық кезеңнің барлық кезеңдерінде экспортты қолдаудың сақтандыру қаржылық шараларын ұсыну есебінен сыртқы нарықтарда шикізаттық емес сегменттің қазақстандық экспорттаушыларын қолдау жөніндегі қазақстандық сақтандыру нарығындағы жалғыз ұйым болып табылады.

2021 жылы Компания **жалпы сомасы 326,5 млрд теңгеге 212 экспорттық келісімшартты** орындау кезінде қолдау көрсетті. Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі 2020 жылғы 134,6 млрд теңгеден 2021 жылы **204,7 млрд теңгеге дейін өсті**. 2021 жылы **81 экспорттаушы** қолдауға ие болды, **оның ішінде 26 экспорттаушы – бірінші рет алды**.

Қызметтің негізгі көрсеткіші

● 2021 жылдың жоспары ● 2021 жылдың фактісі

Экспорттық келісімшарттар сомасы, млрд теңге



KazakhExport-тың қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық түсім көлемі (2014 жылдан бастап жинақталған), млрд теңге



Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі, млрд теңге



KazakhExport-тан алғаш рет қолдау тапқан экспорттаушылар саны



Экспорттық келісімшарттар саны



ROA




Құралдар бөлінісінде 2021 жылы қабылданған сақтандыру міндеттемелері




Жалпы барлығы 204 704 232 605,1 теңге

Экономика салалары бөлінісінде 2021 жылы қолдау көрсетілген экспорттаушылардың саны




Елдер бөлінісінде 2021 жылы қабылданған сақтандыру міндеттемелері



Қабылданған елдік міндеттемелердің көлемі (ҚМК)

Қырғызстан 1 381 913 472 теңге	Грузия 218 844 599 теңге	Тәжікстан 5 109 258 938 теңге
Украина 1 060 247 058 теңге	Түркия 160 101 662 теңге	
Әзірбайжан 807 699 588 теңге	Қытай 123 116 445 теңге	Польша 59 101 675 теңге
Беларусь 805 013 206 теңге	Армения 99 522 363 теңге	БАӘ 16 978 406 теңге
Германия 440 959 760 теңге	Моңғолия 88 685 000 теңге	Эстония 12 967 500 теңге

Барлығы 204 704 232 605 теңге



KazakhExport қолдауымен 2021 жылы іске асырылған маңызды кейстер

"EkibastuzFerroAlloys" ЖШС, Екібастұз қаласы



"EkibastuzFerroAlloys" ЖШС "Феррокорытпа зауытының құрылысы" инвестициялық жобасын іске асыруда. Жобаның мақсаты Екібастұз қаласында өндірістік қуаты жылына 240 000 тонна өнім шығаратын заманауи ферросилиций шығаратын зауыт салу болып табылады. Жоба Қазақстан, Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия, Солтүстік және Оңтүстік Америка нарықтарында өнім өндіру және кейіннен өткізу жолымен ферросилицийге жергілікті және жаһандық сұранысты қанағаттандыруға бағытталған.

Жоба "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-ның 72 млрд теңге көлеміндегі қаржылық қолдауымен жүзеге асырылуда. **KazakhExport** кәсіпорнының экспорттық бағыттылығын ескере отырып, "Халық" сақтандыру компаниясы" Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы" АҚ-да қайта сақтандыра отырып, 33 млрд теңге сомасына осы қаржыландыру бойынша несиелік тәуекелдерді өзіне алды.

"Прима Құс" ЖШС, Алматы облысы



Бір мезгілде 1 111 600 бас (24 құс қора) ұсталатын, жылына 7 405 200 бас ұсталатын, бройлер етінің сойылатын салмағы жылына 13 859 тоннаны құрайтын өндірістік қуаты сағатына 6000 бас бройлер етін өндіру және қайта өңдеу жөніндегі тұйық кезеңдік құс кешені.

2021 жылы **KazakhExport** 25 млрд теңге көлемінде "Bank RBK" АҚ алдында "Прима Құс" ЖШС міндеттемелері бойынша сақтандыруды қорғауды ұсына отырып, жобалық қаржыландыруды сақтандыруға қарызды сақтандыру және құс кешенін пайдалануға беру бойынша қолдау көрсетті.

Тиімді географиялық орналасуына және жоғары сапалы жергілікті шикізат базасының болуына байланысты құс кешенінің өнімі экспортқа бағдарланған болып табылады, кәсіпорын Ресей және Беларусь сияқты елдерден Өзбекстанға, Қырғызстанға, Тәжікстанға құс етінің импортын алмастыра алады, бұл ретте, кәсіпорынның өндірістік қуаты 2023-2025 жылдары Қазақстан Республикасының ішкі нарығындағы құс етінің қажеттілігін ішінара жабады. 2025 жылдың соңына қарай, құрылыстың бірінші кезегін іске асырғаннан кейін, "Прима Құс" ЖШС екінші кезекті іске асыруға кіріседі, ол қосымша 72 құс қорасын салу есебінен кәсіпорынның қуатын 3 есеге арттыруды көздейді. Бұл шектес елдерге экспортты сақтай отырып, қазақстандық нарықта құс етінің импортын алмастыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте, құс сою цехының, құрама жем өндірісінің және сыртқы желілердің қуаты қазірдің өзінде 96 құс қорасына есептелген және қосымша жаңғыртуды талап етпейді.

"Прима Құс" ЖШС заманауи қаптаманы қолданудың арқасында салқындатылған өнімді экспорттауды жоспарлап отыр. Өндірістік желі салқындатылған өнімді сақтау мерзімін 5 күннен 10 күнге дейін, ал қосымша сертификаттау кезінде 12 күнге дейін ұлғайтуға мүмкіндік беретін Multivac (вакуумдау) жабдығымен жабдықталады, бұл салқындатылған өнімді көрші елдерге экспорттауға мүмкіндік береді.

"Hyundai Trans Kazakhstan" ЖШС, Алматы қаласы



"Hyundai Trans Kazakhstan" ЖШС – Алматы қаласында орналасқан Hyundai маркалы жеңіл автомобильдерді ірі-түйіндік және ұсақ-түйіндік өнеркәсіптік құрастыру зауыты.

"Қарызды ерікті сақтандыру" өнімі бойынша қолдаудың жалпы сомасы 24 млрд теңгеден асады. Сақтандырылған мәміле бойынша пайда алушы мақсатты пайдалануы – айналым қаражатын толықтырумен "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ болып табылады. Несиелік қаражатқа жеңіл автомобильдер өндірісі үшін машина жиынтықтары сатып алынады, одан әрі олар Өзбекстан Республикасына, Беларусь Республикасына, Қырғызстан Республикасына экспортталады.

Талдықорған қаласындағы "Қайнар-АКБ" толық кезеңді аккумулятор зауыты



Зауыт жеңіл және жүк машиналарына, семафорлы, сондай-ақ тепловоз бен танкіге арналған аккумуляторларды шығарады. "Қайнар – АКБ" компаниясының өнімдерін өткізудің негізгі нарықтары ТМД және шетел елдері: Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Тәжікстан, Беларусь, Қытай, БАӘ болып табылады. **KazakhExport** 2021 жыл ішінде қазақстандық банктермен бірлесіп құжаттамалық аккредитивтерді сақтандыру және сауданы қаржыландыру аясында 250 млн рубльден астам сомаға қолдау көрсетті.

"Евраз Каспиан Сталь" ЖШС және "СарыаркаАвтоПром" ЖШС



2021 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстанда өндірілген металл прокатын және автокөлікті (JAC маркалы автомобильдер) сатып алуға **KazakhExport** "Евраз Каспиан Сталь" ЖШС мен "СарыаркаАвтоПром" ЖШС "Холдинг Азия групп Таджикистан" ЖАҚ сатып алушысымен сыртқы сауда эконрактілері аясында жалпы сомасы 4,73 млн АҚШ долларын құрайтын Тәжікстан Республикасының "Амонатбонк" жүйе құрушы мемлекеттік жинақ банкінің алғашқы екі аккредитивін сақтандыру және кейін қаржыландыру арқылы қолдау көрсетті.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

GRI 201-1, 201-4

2021 жылы **KazakhExport** активтері сақтандыру резервтерінің өсуіне байланысты **122,8 млрд теңгеден 139,3 млрд теңгеге дейін** өсті. Компанияның активтерді пайдалану тиімділігінің көрсеткіші 2021 жылы жоспарлы мәннен **153%-ға асып, 1,53%-ды құрады**. Жоспардың орындалмау капиталы 2020 жылға арналған дивидендтерді бекітілген жоспарда көзделгеннен көп мөлшерде төлеуге байланысты.

KazakhExport-тың қаржылық көрсеткіштері, мың теңге

	2021	2020
Активтер	139 397 883	122 872 897
Міндеттемелері	25 183 941	13 432 436
Капитал	114 213 942	109 440 461

Кірістер, шығыстар, пайда (маңызды баптар), мың теңге

	2021	2020
Есептелген сақтандыру сыйлықақылары, нетто	5 643 815	3 746 956
Табысты сақтандыру сыйлықақылары, нетто	3 424 328	1 776 861
Төленген шағымдар, нетто	- 8 363 313	- 3 927 830
Таза пайыздық кірістер	8 921 029	7 208 091
Шетел валютасымен жасалған операциялардан түскен таза пайда	718 849	1 150 720
Жалпы әкімшілік шығыстар	- 2 150 084	- 1 757 809
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда	2 332 014	4 517 115
Табыс салығы бойынша шығыстар	- 320 023	- 653 211
Бір жылдағы пайда	2 011 991	3 863 904

САТЫП АЛУ ТӘЖІРИБЕСІ

GRI 103-2, 204-1

01. Сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау

02. Сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы

KazakhExport-та сатып алу рәсімдері мынадай қағидастарға негізделеді:

03. Сатып алу процесіне қатысу үшін әлеуетті жеткізушілерге тең мүмкіндіктер беру

04. Әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік

06. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу

05. Сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі

Есепті кезеңде сатып алу қызметі Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 2019 жылғы 31 қазандағы № 1201 бұйрығымен бекітілген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді **сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына** сәйкес жүргізілді.

Компания сатып алу қағидастарын қамтамасыз ету мақсатында Еуразиялық электрондық портал - eep.mitwork.kz Электрондық сатып алудың интернет – алаңын пайдалануды жалғастыруда, онда кез келген әлеуетті жеткізуші тіркеле алады және баға ұсыныстарын сұрату және ашық тендер/аукцион тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінім бере алады.

Осы веб-порталда сатып алудың электрондық шарттарын, сондай-ақ олар бойынша тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу актілерімен келісу және оған қол қою бойынша функционал іске асырылды, бұл шартты орындау процесін айтарлықтай жеңілдетеді және автоматтандырады, компанияның уақыты мен ресурстарын үнемдейді.



Компания конкурстық массаны ұлғайтуға бағытталған саясатты сақтайды, атап айтқанда, корпоративтік сайтта ағымдағы сәтте **754 қатысушыдан тұратын** әлеуетті жеткізушілердің тізілімі жұмыс істейді. Бұл ретте, ай сайынғы ақпаратты алғысы келетін кез келген әлеуетті жеткізуші біліктілік іріктеуінен өтпей-ақ тиісті сауалнаманы толтырып, осы **Тізілімнің қатысушысы бола алады**.

2021 жылы компанияның сатып алынған тауарларының, жұмыстарының және қызметтерінің көлемі



Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде жеткізушілерді таңдау жоғарыда көрсетілген сатып алу қағидаттарын ескере отырып, әлеуетті жеткізушілер арасында іріктеу мен талдауды қолдана отырып жүзеге асырылатынын атап өту қажет.

**ӘРІ ҚАРАЙҒЫ
ЖОСПАРЛАР МЕН МІНДЕТТЕР**

- 01.** “ҚР Экспорттық-кредиттік агенттік туралы” заңды қабылдау (KazakhExport-тың ҚР Ұлттық Банкінің реттеуінен шығуы).
- 02.** Қабылданған міндеттемелер көлемі бойынша 250 млрд теңге көлеміндегі жоспарға қол жеткізу.
- 03.** 2022 жылға мемлекеттік кепілдік лимитін 210 млрд теңгеден кем емес сомаға ұлғайту.

04. Сауданы қаржыландыру мөлшерлемесін субсидиялау механизмін енгізу жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді бекіту.

05. 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру аясында:
 2023 жылға арналған мемлекеттік кепілдік лимитін белгілеу бойынша іс-шараларды өткізу;
 сауданы қаржыландыру сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды алуға қаражат қарастыру.

06. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру жөніндегі коэффициентті есептеу кезінде ішкі актив ретінде KazakhExport-тың сақтандыру қорғанысымен қамтамасыз етілген қазақстандық тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға резидент еместерді отандық банктердің қаржыландыруы жөніндегі мәмілелерді мойындау туралы қаулысын қабылдау.

07. Серіктес елдердің экспорттық-кредиттік агенттіктерімен, оның ішінде ЭКСАР, ICIEC және Лондон нарығының коммерциялық қайта сақтандырушыларымен (Lloyd's) ірі жобаларды факультативтік қайта сақтандыру бойынша ынтымақтастықты кеңейту.

08. Өзара және сыртқы сауданы ынталандыру, бірлескен кооперативтік жобаларды және Еуразиялық экономикалық одақтың инвестицияларын іске асыру мақсатында Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын (ЕҚК) құру, ЕҚК-ге қатысушы мемлекеттердің экспорттық-кредиттік агенттіктерінің функционалын ұлттықтан жоғары деңгейде толықтыру.

09. Директорлар Кеңесінде пруденциялық реттеудің орнын басу ретінде қаржылық тұрақтылықты бақылау жөніндегі ішкі әдіснаманы әзірлеу және бекіту.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның қағидаттары

KazakhExport корпоративтік басқаруды **Компанияның беделін нығайту**, қызметінің тиімділігін **арттыру** және капитал тартуға **жұмсалатын шығындарды азайту** құралы ретінде қарастырады. **KazakhExport** Корпоративтік басқарудың тиісті жүйесін **Қазақстан Республикасындағы заңнаманың үстемдігін қамтамасыз етуге** өз үлесі және **KazakhExport**-тың қазіргі экономика мен жалпы қоғамдағы орнын айқындайтын фактор ретінде қарастырады.

Компанияның **корпоративтік басқаруының** экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының тиісті стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында **KazakhExport**-та қағидалар мен ұсынымдар жинағы болып табылатын корпоративтік басқару кодексі қабылданды, оны **KazakhExport** компания ішіндегі және басқа да мүдделі тараптармен қарым-қатынаста тиімділікті, ашықтықты, есептілікті, іскерлік этиканың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін өз қызметі процесінде басшылыққа алады.

2021 жылы **KazakhExport**-пен "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ Басқармасының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 51/17 шешімімен (2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 61/19 өзгерістермен және толықтырулармен) бекітілген **KazakhExport** **корпоративтік басқару кодексінде** бекітілген қағидаттар мен ережелерді сақтауға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылды.

Компания 2021 жылға арналған **Корпоративтік басқару кодексінің** қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есепті дайындады, онда **корпоративтік басқару кодексін** сақтау мониторингінің нәтижелері және оның қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар туралы толық ақпарат бар. Есепке сәйкес, компанияда **корпоративтік басқару кодексінің** қағидалары мен ережелері сақталады және корпоративтік басқару рәсімдерін жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде.

Корпоративтік басқару қағидаттары

KazakhExport-тың корпоративтік басқаруы **әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсіпқойлық және құзыреттілік** негізінде құрылады. Компанияның корпоративтік басқару жүйесі **KazakhExport**-тың органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы **өкілеттіктер мен жауапкершілікті** нақты ажыратуды көздейді.

Директорлар кеңесі

Компанияның Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсынылған) тұлғалардан, Жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлғалардан құрылады.

Компанияның Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің құрамы Компания қызметінің салалық ерекшелігін, **Директорлар кеңесі** комитеттерімен қаралатын мәселелер қызметінің ауқымын ескере отырып, олардың мүшелерінің дағдылары, тәжірибесі мен білімдерінің теңгерімін көздеуі тиіс, бұл компания мен жалғыз акционердің мүддесінде тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Компанияның Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер айқындайды. **Компанияның Директорлар кеңесінің** құрамы қызмет ауқымын, ағымдағы міндеттерді, даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын және қаржылық мүмкіндіктерді ескере отырып, жеке белгіленеді.

Жалғыз акционер үміткерлердің құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында, компанияның жарғысында және ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен **компанияның Директорлар кеңесінің** мүшелерін сайлайды.

Компанияның Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде **Директорлар кеңесі** мүшелерінің қызметін бағалау нәтижелері назарға алынады.

Егер жалғыз акционердің шешімімен өзгеше айқындалмаса, компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл компанияның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді және жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау жөнінде шешім қабылдаған кезде аяқталады. Жалғыз акционер компанияның Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Тәуелсіз директорлар қатарындағы бір тұлға қатарынан тоғыз жылдан астам (мысалы, үш рет үш жылдық мерзім) компанияның Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Ерекше жағдайда, тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте, мұндай тұлғаны компанияның Директорлар кеңесіне сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактінің шешімдерді қабылдау тәуелсіздігіне әсерін толық түсіндіре отырып, жыл сайын немесе өзге мерзімде жүргізіледі.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, **KazakhExport** – Директорлар кеңесінің қызметін бағалау туралы ережесі - Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігі жыл сайынғы негізде бағаланады. Бұл ретте үш жылда бір рет мұндай бағалау тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізілуі тиіс.

Тиімділікті бағалаудың негізгі міндеті кеңестің, комитеттердің, Корпоративтік хатшының ағымдағы қызметі және директорлар Кеңесі құрамының теңгерімділігі туралы объективті ақпарат алу, Директорлар кеңесі мен комитеттер жұмысына директорлардың жеке үлесін талдау, Директорлар кеңесінің жұмыс тәжірибесін одан әрі дамыту бағыттарын айқындау болып табылады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша KazakhExport Директорлар кеңесінің құрамы

№	Лауазымы компанияның Директорлар кеңесінде, аты-жөні	Кезең (күні, айы, жылы)	Лауазымы негізгі жұмыс орны бойынша
1	Директорлар кеңесінің төрағасы Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы	13.11.2019 жылдан бастап	ҚР Сауда және интеграция министрі
2	Директорлар кеңесінің мүшесі Асқар Азаматұлы	30.06.2021 жылдан бастап	"QazTrade" сауда саясатын дамыту орталығының бас директоры
3	Директорлар кеңесінің мүшесі Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы	08.02.2017 жылдан бастап 2022 жылғы 2 ақпанға дейін	Басқарма төрағасы "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ
4	Директорлар кеңесінің мүшесі Мұхамеджанов Әділ Бектасұлы	16.06.2021 жылдан бастап	Басқарма Төрағасының Орынбасары "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ
5	Директорлар кеңесінің мүшесі Искаков Руслан Викторович	15.02.2016 жыл 2022 жылғы 15 ақпанға дейін	Басқарма төрағасы KazakhExport
6	Директорлар Кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Сүйінтаев Дамир Серікбайұлы	15.02.2016 жыл	"Республикалық FinTech Индустрия одағы" ЗТБ кеңесшісі
7	Директорлар Кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Самақова Айткүл Байғазықызы	13.09.2016 жыл	
8	Директорлар Кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Дильдяев Ярослав Григорьевич	13.09.2017 жыл	Директорлар кеңесінің төрағасы, "Аксиом ИнРе сақтандыру брокері" ЖШҚ операциялық директоры
9	Директорлар Кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Майкл Вайнштайн	22.05.2019 жылдан бастап	

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде мыналар назарға алынады:

- 1) басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
- 3) жұмыс өтілі;
- 4) халықаралық сертификаттарының болуын қоса алғанда, білімі, мамандығы;
- 5) бағыттар мен салалар бойынша құзыреттердің болуы (салалар активтердің портфеліне байланысты өзгеруі мүмкін);
- 6) іскерлік беделі;
- 7) тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болуы.



2021 жыл ішінде KazakhExport-тың Жалғыз акционері Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

KazakhExport-тың Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау және өкілеттікті мерзімінен бұрын тоқтату туралы ("Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Басқармасының 2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 хаттамасы):

1. KazakhExport Директорлар кеңесінің мүшесі Қарағойшин Рустам Тимурұлының өкілеттігі 2021 жылғы 11 мамырдан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылсын.
2. Мұхамеджанов Әділ Бектасұлы жалпы KazakhExport Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен Жалғыз акционердің өкілі ретінде KazakhExport Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлансын.


KazakhExport Директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау және мүшесін сайлау туралы ("Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Басқармасының 2021 жылғы 30 маусымдағы № 33/21 хаттамасы):

1. KazakhExport-тың сандық құрамы 9 (тоғыз) адам болып белгіленсін.
2. Азамат Асқарұлы KazakhExport Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін KazakhExport Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлансын.
3. Осы шешім KazakhExport-тың Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп



2021 жыл ішінде KazakhExport Директорлар кеңесі: 6 отырыс – күндізгі нысанда және 6 отырыс – сырттай нысанда **12 отырыс өткізді**. Мәселелерді жан-жақты қарау үшін материалдар, түсіндірме жазбалар KazakhExport Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелеріне Директорлар кеңесі туралы Ережеде белгіленген мерзімде отырыс өткізілетін күнге дейін **10 (он) жұмыс күні** бұрын жіберілді.



2021 жыл ішінде Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері компанияның директорлар кеңесінің отырыстарына тиісті түрде қатысып, оның жұмысына белсенді қатысты.


Есепті кезең ішінде KazakhExport Директорлар кеңесінің төрағалары мен мүшелерінің Компанияның Директорлар кеңесінің отырыстарына пайыздық мәнде қатысуы **93%-ды құрайды**.

Т.А.Ә.	Очная форма	Заочная форма
Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы	6*/6*	6*/6**
Искаков Руслан Викторович	6*/6*	6*/6**
Сүйінтаев Дамир Серікбайұлы	6*/6*	6*/6**
Самақова Айткүл Байғазықызы	6*/6*	6*/6**
Майкл Вайнштайн	6*/6*	6*/6**
Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы	4*/6*	6*/6**
Дильдяев Ярослав Григорьевич	6*/6*	6*/6**
Азамат Асқарұлы	5*/6*	5*/6**
Мұхамеджанов Әділ Бектасұлы	3*/4*	4*/4**
Қарағойшин Рустам Тимурұлы	2*/2*	2*/2**

* Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстардың жалпы саны;
** Директорлар кеңесінің мүшесі қатыса алатын отырыстардың жалпы саны.

2021 жыл ішінде KazakhExport Директорлар кеңесінің отырыстарында 134 мәселе қаралды. Атап айтқанда, KazakhExport Директорлар кеңесімен келесі тақырып мәселелері қарастырылды:

Ішкі және сыртқы аудит мәселелері	17	Директорлар кеңесінің мәселелері	26
Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту	33	Стратегия және мемлекеттік бағдарламалар мәселелері	4
Жоспарлау және есеп беру	10	Кадр мәселелері	9
Мәмілелер/инвестициялық жобалар/бағалы қағаздар	18	Тәуекелдерді басқару мәселелері	14
Өзге мәселелер	3		



Жиыны: **134 вопроста**

Директорлар кеңесінің комитеттері

Жан-жақты негізделген ұсынымдарды әзірлеу арқылы KazakhExport-ты дамытуды басқару тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесіне KazakhExport-та мынадай консультативтік-кеңесші органдар құрылды және олар жұмыс істеуде:

01. KazakhExport Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті;

02. KazakhExport Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті;

03. KazakhExport Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитеті.

Комитеттермен әзірленген барлық ұсынымдар KazakhExport Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын ұсынымдар болып табылады.

KazakhExport Директорлар кеңесі комитеттерінің хатшысы Компанияның корпоративтік хатшысы А.Р. Уралбаева болып табылады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша KazakhExport Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы

№	Комитет төрағасы, мүшелері, сарапшылары Директорлар кеңесінің аудиті бойынша	Т.А.Ә.	Лауазымы
1	Комитет Төрағасы	Сүйінтаев Дамир Серікбайұлы	Член Совета директоров – независимый директор
2	Комитет мүшесі	Мұхамеджанов Әділ Бектасұлы	Член Совета директоров, представитель Единственного акционера
3	Комитет мүшесі	Самақова Айтқұл Байғазықызы	Член Совета директоров – независимый директор
4	Комитет мүшесі	Дильдяев Ярослав Григорьевич	Член Совета директоров – независимый директор
5	Комитет мүшесі	Майкл Вайнштайн	Член Совета директоров – независимый директор

№	Комитет төрағасы, мүшелері, сарапшылары Директорлар кеңесінің кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер бойынша	Т.А.Ә.	Лауазымы
1	Комитет Төрағасы	Самақова Айтқұл Байғазықызы	Директорлар Кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
2	Комитет мүшесі	Мұхамеджанов Әділ Бектасұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі
3	Комитет мүшесі	Сүйінтаев Дамир Серікбайұлы	Директорлар Кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
4	Комитет мүшесі	Дильдяев Ярослав Григорьевич	Директорлар Кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
5	Комитет мүшесі	Майкл Вайнштайн	Директорлар Кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
6	Дауыс беру құқығы жоқ сарапшы	Мамеков Мұрат Мамырұлы	"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Активтерді басқару департаменті жобасының жетекшісі

№	Комитет төрағасы, мүшелері, сарапшылары Стратегиялық жоспарлау бойынша Директорлар кеңесінің	Т.А.Ә.	Лауазымы
1	Комитет Төрағасы	Дильдяев Ярослав Григорьевич	Директорлар Кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
2	Комитет мүшесі	Мұхамеджанов Әділ Бектасұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі
3	Комитет мүшесі	Самақова Айтқұл Байғазықызы	Директорлар Кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
4	Комитет мүшесі	Сүйінтаев Дамир Серікбайұлы	Директорлар Кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
5	Комитет мүшесі	Майкл Вайнштайн	Директорлар Кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
6	Дауыс беру құқығы жоқ сарапшы	Мамеков Мұрат Мамырұлы	"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Активтерді басқару департаменті жобасының жетекшісі

2021 жыл ішінде KazakhExport Директорлар кеңесінің комитеттерімен KazakhExport мекенжайы бойынша бетпе-бет және бейне конференцбайланыс арқылы отырыстар өткізілді:

10 отырыс Аудит жөніндегі комитеттің бетпе-бет нысанында

Сұрақтар саны 115

26.01.2021 ж. № 1 хаттама	6 сұрақ
29.03.2021 ж. № 2 хаттама	20 сұрақ
26.04.2021 ж. № 3 хаттама	11 сұрақ
15.06.2021 ж. № 4 хаттама	15 сұрақ
11.08.2021 ж. № 5 хаттама	12 сұрақ
20.08.2021 ж. № 6 хаттама	9 сұрақ
27.09.2021 ж. № 7 хаттама	9 сұрақ
09.11.2021 ж. № 8 хаттама	7 сұрақ
09.12.2021 ж. № 9 хаттама	15 сұрақ
22.12.2021 ж. № 10 хаттама	11 сұрақ

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің бетпе-бет нысанындағы 9 отырысы

Сұрақтар саны 36

29.03.2021 ж. № 1 хаттама	7 сұрақ
26.04.2021 ж. № 2 хаттама	4 сұрақ
16.06.2021 ж. № 3 хаттама	5 сұрақ
11.08.2021 ж. № 4 хаттама	7 сұрақ
20.08.2021 ж. № 5 хаттама	4 сұрақ
27.09.2021 ж. № 6 хаттама	3 сұрақ
09.11.2021 ж. № 7 хаттама	2 сұрақ
09.12.2021 ж. № 8 хаттама	3 сұрақ
22.12.2021 ж. № 9 хаттама	4 сұрақ

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің бетпе-бет нысанындағы 8 отырысы

Сұрақтар саны 17

29.03.2021 ж. № 1 хаттама	2 сұрақ
26.04.2021 ж. № 2 хаттама	3 сұрақ
16.06.2021 ж. № 3 хаттама	3 сұрақ
11.08.2021 ж. № 4 хаттама	2 сұрақ
10.08.2021 ж. № 5 хаттама	3 сұрақ
27.08.2021 ж. № 6 хаттама	1 сұрақ
09.11.2021 ж. № 7 хаттама	2 сұрақ
09.12.2021 ж. № 8 хаттама	1 сұрақ

2021 жыл ішінде KazakhExport Директорлар кеңесінің комитеттері жалпы **168 мәселені** қарады, оның ішінде:

- Аудит комитетімен - **115 сұрақ** (68%) қаралды;
- Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетпен - **36 сұрақ** (24%) қаралды;
- Стратегиялық жоспарлау комитетімен **17 сұрақ** (8%) қаралды.

Мәселелерді жан-жақты қарау үшін материалдар, түсіндірме жазбалар KazakhExport Директорлар кеңесі комитеттерінің Төрағасы мен мүшелеріне Комитет отырысы өткізілетін күнге дейін **5 (бес) жұмыс күні** бұрын KazakhExport Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерде белгіленген мерзімдерде жіберілді.



Басқарма

2021 жылы **KazakhExport** Басқармасының құрамына келесі тұлғалар кірді:

№	Лауазымы, ТАӘ	Кезең (күні, айы, жылы)	Негіздеме
1	Басқарма төрағасы Искаков Руслан Викторович	15.02.2016 жыл – 15.02.2022 жыл	Жалғыз акционердің шешімі - "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Басқармасының 11.02.2016 жылғы шешімі (№05/16 хаттама) Жалғыз Акционердің шешімімен - "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Басқармасының 2022 жылғы 16 ақпандағы шешімімен (№09/22 хаттама) Р.В. Ысқақовтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды
2	Басқарма Төрағасының Орынбасары Жақсыбаев Рауан Өмірбекұлы	12.07.2016 жылы – қазіргі уақытқа дейін	KazakhExport Директорлар кеңесінің 12.07.2016 жылғы № 104 шешімі
3	Басқарма Төрағасының Орынбасары Қалигазин Аслан Ермеқұлы	01.10.2018 жыл – 19.08.2021 жыл	KazakhExport Директорлар кеңесінің 26.09.2018 жылғы № 8 шешімі KazakhExport Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 13 тамыздағы шешімімен (№7 хаттама) А.Е. Қалигазиннің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды
4	Басқарма Төрағасының Орынбасары Бекхожин Ердан Ерланұлы	02.10.2014 жыл – қазіргі уақытқа дейін	KazakhExport Кеңесінің 30.09.2014 жылғы № 83 шешімі
5	Басқарма Төрағасының Орынбасары К.А.Мукажанов	01.10.2021 ж. – қазіргі уақытқа дейін	KazakhExport Директорлар кеңесінің 14.10.2016 жылғы № 106 шешімі
6	Басқарма Төрағасының Орынбасары А.Е.Бектыбаева	01.04.2021 жыл – қазіргі уақытқа дейін	KazakhExport Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 наурыздағы шешімі (№2 хаттама)

Есепті кезеңде **KazakhExport** Басқармасымен **77 бетпе-бет отырыс** өткізілді, онда **420 мәселе** қаралды (2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 12% - ға артық), олар бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

Корпоративтік әдеп

GR 101-16

Өз қызметінде **KazakhExport** мынадай негізгі корпоративтік құндылықтар мен қағидаттарды енгізеді және іске асырады:

- ◆ 1) меритократия;
- ◆ 2) жауапкершілік;
- ◆ 3) кәсібилік және даму;
- ◆ 4) өзара құрмет пен сенім;
- ◆ 5) адалдық және ашықтық;
- ◆ 6) командалық рух.

KazakhExport қызметіндегі іскерлік мінез-құлық құндылықтары, қағидаттары мен нормалары Іскерлік әдеп кодексінде бекітілген, ол барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың басшылыққа алуы тиіс негіз қалаушы құндылықтар мен іскерлік әдеп қағидаттарын белгілейтін қағидалар жиынтығын білдіреді.

Компанияда Омбудсмен институты жұмыс істейді, оның негізгі функциялары:

- 01.** **KazakhExport** қызметкерлерінің, лауазымды тұлғаларының өтініштерін қарау және олардың рұқсаттары үшін ұсынымдар шығару, оның ішінде **KazakhExport**-тың мемлекеттік органдарымен, басқару органдарымен өзара іс-әрекет жасауы;
- 02.** **KazakhExport**-тағы моральдық-этикалық ахуалдың жай-күйі туралы жыл сайынғы негізде есепті қалыптастыра отырып, осы іскерлік әдеп кодексінің ережелерін бұзу және сақтамау фактілері бойынша мәліметтер жинау;
- 03.** Іскерлік әдеп кодексінің ережелері бойынша қызметкерлерге, лауазымды тұлғаларға кеңес беру;
- 04.** Іскерлік әдеп кодексінің ережелерін бұзу жөніндегі дауларды қарауға бастамашылық ету және оларды соттан тыс және сот тәртібімен реттеуге қатысу.

КОМПЛАЕНС- БАҚЫЛАУ

Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу

Қазіргі қызметінде **KazakhExport**-пен корпоративтік жанжалдарды және мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясаттың ережелері іске асырылады, ол жанжалдарды сотқа дейін реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ органдардың, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің осы процестер аясындағы әрекеттерін реттейді.

Атап айтқанда, **KazakhExport**-тың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері:

- ◆ жанжалдардың туындауына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасаудан және шешімдерді қабылдаудан бас тартуға;
- ◆ **KazakhExport**-ты заңға қарсы қызметті жүзеге асыруға тарту мүмкіндігін болдырмауға; Жалғыз акционерге және мүдделі тұлғаларға, реттеу және қадағалау органдарына берілетін бухгалтерлік есептіліктің және өзге де ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз етуге; туындаған жанжалдарды олардың дамуының ең ерте сатыларында анықтауды қамтамасыз етуге;
- ◆ корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатта көзделген өзге де іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті.

Лауазымды тұлғалар корпоративтік жанжалдардың туындағаны туралы тиісті өтініш бере отырып, Корпоративтік хатшыға уақтылы хабарлауы тиіс.

2021 жылы **KazakhExport** қызметінде корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысының туындау жағдайлары орын алған жоқ.

Жалғыз акционердің **KazakhExport** пен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне қатысты өтініштері 2021 жыл ішінде түскен жоқ.



Комплаенс-тәуекелді басқару

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 жылғы № 198 қаулысымен бекітілген “Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына” сәйкес, **комплаенс-тәуекел** - ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы, міндетті сақтандыру туралы, Акционерлік қоғамдар туралы, Бағалы қағаздар нарығы туралы, кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-әрекет туралы заңнамасының талаптарын сақтамауы салдарынан шығыстардың (залалдардың) туындау немесе уәкілетті органның шараларын қолдану немесе беделін жоғалту және (немесе) мүдделер қақтығысы тәуекелі.

Жоғарыда көрсетілген ережелерге сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында комплаенс-тәуекелді басқару жөніндегі талаптардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі функциялар комплаенс-бақылаушыға жүктеледі.

2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап Компания құрылымында **Комплаенс-қызметі** құрылып, жұмыс істеуде, ол Тәуекелдерді басқару департаментімен, құқықтық қамтамасыз ету департаментімен, өзге де құрылымдық бөлімшелермен қатар ішкі бақылау жүйесінің қатысушысы болып табылады.

Комплаенс-тәуекелдерді басқарудың негізгі мақсаты - **KazakhExport** үшін материалдық залалға, беделдік залалға әкеп соғатын комплаенс-тәуекелдердің туындауының алдын алу немесе оларды барынша азайту, оған уәкілетті мемлекеттік органдар, атап айтқанда, қаржылық реттеуші тарапынан қадағалаушылық ден қою шараларын қолдану, ықпалшаралар, ҚР заңнамасының талаптарын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ **KazakhExport** қызметіне әсер ететін халықаралық-құқықтық актілердің талаптарын сақтамау салдарынан әкімшілік өндіріп алу болып табылады.

Комплаенс-тәуекелді тиімді басқару үшін **Комплаенс-қызметпен** комплаенс-тәуекелді анықтау, оны сәйкестендіру және пайда болу себептерін бағалау, сондай-ақ болашақта оны барынша азайту жөніндегі шараларды қабылдау бойынша жұмыс үнемі жүргізіледі.

Комплаенс-қызметімен сондай – ақ **KazakhExport** құрылымдық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының (бұдан әрі - ТЖҚ/ЛҚ) талаптарын орындауды бақылау жүзеге асырылады.

Ол үшін **KazakhExport**-ты Қылмыстық жолмен алынған ақша мен мүлікті заңдастыру және терроризмді қаржыландыру процестеріне тарту тәуекелінің алдын алу мақсатында Қаржылық мониторинг іс-шаралары тұрақты түрде жүргізіледі.

2021 жыл ішінде компаниямен өз қызметтерінің (өнімдерінің) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелінің жоғары деңгейіне бейімділігіне жол берілген жоқ.

Іске асырылуы ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (FATF) ұсынымдарын орындамайтын немесе жеткіліксіз орындайтын мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесіне енгізілген, сондай-ақ оффшорлық аймақтардың тізбесіне енгізілген немесе оларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларымен қабылданған халықаралық санкциялар (эмбарго) қолданылатын мемлекеттердің аумақтарында жоспарланған клиенттердің жобаларын Компанияның сақтандыруына жол берілген жоқ.

Комплаенс-қызметі өзінің жұмыс бағыттарындағы бөлігінде барлық құрылымдық бөлімшелермен тұрақты негізде өзара іс-әрекет жасайды.

Есеп беру жылы ішінде компанияның жалпы Корпоративтік даму стратегиясын бұзуға, сол үшін беделдік қауіп-қатерлердің туындауына әкеп соқтыратын комплаенс-тәуекелді іске асыру жағдайларына жол берілген жоқ.

2021 жыл ішінде қаржылық қызметтерді тұтынушылар (сақтанушылар, пайда алушылар немесе өзге де клиенттер) тарапынан, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалар тарапынан наразылықтар, шағымдар немесе өзге де өтініштер түскен жоқ.

Компанияға және оның лауазымды тұлғаларына қатысты қаржы реттеушісі мен өзге де уәкілетті органдар тарапынан қадағалау ден қою шаралары мен әкімшілік жазалар қолданылған жоқ.

Компанияның қаржы реттеушісі белгілеген лимиттерді, пруденциалдық нормативтерді, өзге де міндетті лимиттерді сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен сақтауға міндетті бұзушылықтарға жол берілген жоқ.

2021 жыл ішінде Компаниямен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ретінде оның қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторлардың туындауына жол берілген жоқ.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесімен компаниядағы комплаенс-тәуекелді басқару тиімділігі қанағаттанарлық деп танылды.

Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл

GRI 103-2, 208-1, 208-3

GRI – 205 “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл” тұрақты даму саясатының көрсеткішін, “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы” ҚР Заңының талаптарын, сондай-ақ Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі қағидалар сияқты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты сияқты жеке ішкі нормативтік құжаттардың ережелерін іске асыру аясында, Компания сыбайлас жемқорлық көріністерінің, ішкі корпоративтік алаяқтықтың алдын алуға және жолын кесуге, сондай-ақ өз қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, мүдделер қақтығысының алдын алуға және шешуге бағытталған іс-шараларды үнемі өткізіп тұрады.

2021 жыл ішінде компаниямен сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бағыты бойынша бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды. Сөйтіп, Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 116-тармағын, ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің 2021 жылғы 19 наурыздағы №23-14/01-82//413 тапсырмасының 116 тармағын орындау үшін **KazakhExport**-та сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Бұл үшін Комплаенс-қызмет және аралас құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері қатарынан жұмыс тобы құрылды.

Талдау процесінде 19 құрылымдық бөлімшенің қызметі және құрылымдық бөлімшелерге кірмейтін **KazakhExport**-тың 6 қызметкерінің қызметі қамтылды. Талдаумен қамтылған **KazakhExport** ішкі нормативтік құжаттарының саны – 170. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеп соғатын факторлар анықталған ішкі нормативтік құжаттардың саны – 12.

KazakhExport Басқармасының 2021 жылғы 28 мамырдағы №35 шешімімен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша **13 ұсынымды** құрайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары, қажетті іс-шаралар, оларды орындау мерзімдері, сондай-ақ жауапты орындаушылар бекітілді.

KazakhExport-та басқару функцияларын орындайтын тұлғалардың бұрын қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын бақылау қамтамасыз етілді. **KazakhExport** қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі **KazakhExport** саясатында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды орындауын бақылау қамтамасыз етілді.

Компанияның квазимемлекеттік ұйымдарда сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғаларды жұмысқа орналастыруға заңнамалық тыйым салуды сақтауына мониторинг жүргізілді. Атап айтқанда, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің қызметкерлерімен бірлесіп **KazakhExport**-тың штаттық жұмыскерлері мен Басқарма мүшелерінің ықтимал сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау мәніне **“арнайы есепке алу” ақпараттық жүйесі арқылы** тексеру жүргізілді: заңнамалық тыйым салу фактілері анықталған жоқ.

Компаниямен клиенттер мен іскерлік серіктестерге олардың компания көрсететін жұмыстар мен қызметтерге қанағаттанушылығы, соңғысының қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің болуы туралы бағалау тұрғысынан анонимді компьютерлік сауалнама жүргізе отырып сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері **KazakhExport** қызметкерлерінің арасында оның клиенттері сыбайлас жемқорлық көріністерін байқамағанын көрсетті. Жыл қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту аясында Комплаенс-қызметі есепті жыл ішінде компания қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтау мәселелері бойынша семинарлар өткізді. Комплаенс-қызметі қызметкерлері сақтанушы-клиенттердің сенімділігін, оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық-анықтамалық сервистің дерекқорын пайдалана отырып тексеру тәжірибесін енгізді.

Комплаенс-қызметімен **KazakhExport** және/немесе оның лауазымды тұлғаларының қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі жарияланымдарға тұрақты негізде талдау жүргізіледі. Есепті кезеңде **KazakhExport** қызметі туралы **2270-ке жуық жарияланым** болды. Олардың арасында **KazakhExport** қызметкерлерінің немесе лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері туралы, сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы жарияланымдар болған жоқ.

Комплаенс-қызметі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында ағымдағы жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) ұйымдастырылған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жұмысы мәселелері бойынша **2 онлайн-семинар** өткізілді.

Квазимемлекеттік сектор өкілдері үшін “Kompra” ЖШС компаниясы ұйымдастырған “Экономикалық қауіпсіздік 2021” конференциясына қатысты.

KazakhExport-та ішкі коммуникациялар жүйесі жұмыс істейді, оның көмегімен кез келген мүдделі тұлғалар өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері, алаяқтық жағдайлары, **KazakhExport**-тың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы лауазымды жұмыстарын теріс пайдалануы туралы хабарлай алады.





Өтініштерді қабылдау үшін Компанияда келесі байланыс арналары жұмыс істейді:

- ◆ 1. Корпоративтік интернет-ресурста орналастырылған Комплаенс-қызметі қызметкерлерінің электрондық пошталық мекенжайлары;
- ◆ 2. "Сенім" жедел желісінің телефоны +7 (7172) 55-44-70;
- ◆ 3. Сенім электрондық поштасы senim@KazakhExport.kz.

2021 жылы KazakhExport қызметінде сыбайлас жемқорлық факторлары анықталған жоқ:

- ◆ 1. **KazakhExport**-қа қарсы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен алаяқтық жасау жағдайлары болған жоқ;
- ◆ 2. **KazakhExport** қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу жағдайлары болған жоқ;
- ◆ 3. **KazakhExport**-тың лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері туралы телевизиялық, баспасөз және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ әлеуметтік желілерде телевизиялық сюжеттердің жарияланымдары пайда болған жоқ;
- ◆ 4. Жеке және заңды тұлғалардан "**KazakhExport**" - тың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық фактілері туралы шағымдар мен наразылықтар (жазбаша және ауызша, оның ішінде **KazakhExport**-тың электрондық пошта мекенжайына, "Senim" сенім жедел желісі арқылы) түскен жоқ;
- ◆ 5. **KazakhExport**-тың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе қолданыстағы сақтандыру қызметі туралы заңнама талаптарын бұзу фактілері бойынша олардың қатысуымен сот талқылауларын жүргізу жағдайлары орын алған жоқ.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

KazakhExport-тағы ішкі аудиттің миссиясы тәуекелге бағытталған тәсіл, ұсынымдар беру және біліммен алмасу негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулерді жүргізе отырып, компанияның құнын сақтау және арттыру болып табылады. Өз қызметінде **KazakhExport**-тың ішкі аудит қызметі (бұдан әрі-ІАҚ) ішкі аудиттің барлық қолданыстағы халықаралық кәсіби стандарттарын және халықаралық ішкі аудиторлар институтымен қабылданған ішкі аудиторлардың Әдеп кодексін ескереді, ішкі аудит бойынша бекітілген ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

KazakhExport-та ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына және ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (бұдан әрі-ҚНР) талаптарына сәйкес келетін, ішкі аудиттің жалпы танылған тұжырымдамалық моделі жұмыс істейді, онда ішкі аудит функциялары ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару функцияларынан оқшауланған. Ішкі аудит аудиторлардың объективтілігін және ІАҚ тәуелсіздігін қамтамасыз ететін арнайы функционалдық-әкімшілік бағыну және есептілік режимінде. Осы есептілік аясында **KazakhExport**-тың басқару органдары ішкі бақылау, корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділік деңгейі туралы сенімді және өзекті ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

KazakhExport-тың Директорлар кеңесімен тәуекелге бағдарланған Жылдық аудиторлық жоспар және ІАҚ аудитінің бағдарламасы, ІАҚ және оның қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштері бекітілді.

2021 жылға арналған ІАҚ жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес **11 аудиторлық тапсырма**, оның ішінде сыртқы аудит - "КПМГ Такс энд Эдвайзори" ЖШС тарта отырып, ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттық технологиялар аудиті көзделген және толық көлемде орындалған.

Ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттық технологиялар аудиті аясында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптар бойынша ҚНРА-ның өзекті қағидаларына, Үкіметтің және ҚР уәкілетті ведомстволарының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестігіне талдау жүргізілді, сондай-ақ, Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 05 наурыздағы шешімімен (№89 хаттама) бекітілген **KazakhExport**-тың АТ-аудит әдістемесіне сәйкес ақпараттық технологиялардың тиімділігін кешенді бағалау жүзеге асырылды. АТ-процестерінің тиімділігінің қорытынды нәтижесі **KazakhExport** (Cobit 4) АТ-аудитінің бекітілген әдістемесіне сәйкес **29%-ды** құрайды.

ІАҚ тоқсан сайынғы негізінде ІАҚ ұсынымдарының және сыртқы аудиторлардың орындалуына мониторинг жүзеге асырылады. Біліктілікті жетілдіру және арттыру мақсатында ІАҚ қызметкерлері тұрақты түрде оқудан өтеді. Өз функцияларын жүзеге асыру кезінде ІАҚ Директорлар кеңесіне қандай да бір тұлғалардың ықпалынан өзінің тәуелсіз екенін растады.

ІАҚ қызметі туралы есеп тоқсан сайынғы негізде **KazakhExport**-тың аудит жөніндегі комитетіне және Директорлар кеңесіне ұсынылады.

Директорлар кеңесі жыл сайын ІАҚ және оның басшысы жұмысының тиімділігін қызметтің бекітілген негізгі көрсеткіштері негізінде бағалайды. **KazakhExport** Директорлар кеңесімен ІАҚ қызметін "тиімді" деп бағалады.

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

2021 жыл ішінде **KazakhExport**-тың корпоративтік хатшысымен Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің бөлімше басшылары мен лауазымды тұлғаларының тапсырмаларын уақтылы орындауын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілді.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің өткен отырыстарының қорытындылары бойынша Хаттамаға қол қойылған күннен бастап 1-2 жұмыс күні ішінде бөлімшелерге хаттамадан/шешімдерден үзінді көшірмелер ұсынылды. 2021 жыл ішінде Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларына қол қою мерзімдері бұзылған жоқ, хаттамалар өткізілгеннен кейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жасалды және оларға қол қойылды.

2021 жыл ішінде Директорлар кеңесінің, Корпоративтік хатшының жұмысы туралы есептерді дайындау және шығару мерзімдері бұзылған жоқ, есептер **KazakhExport** Директорлар кеңесі туралы ереженің талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің қарауына тоқсан сайын, есеп беріліп отырған тоқсаннан кейінгі бірінші айдың соңына дейін шығарылды.

ҚР Заңнамасының және **KazakhExport** ішкі құжаттарының талаптары аясында корпоративтік оқиғалар туралы **KazakhExport** туралы ақпаратты және басқа ақпаратты уақтылы ашу қамтамасыз етілді.

2021 жыл ішінде корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат **KazakhExport** қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылды, ҚР заңнамасының талаптарын орындау үшін Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту және Директорлар кеңесінің сандық құрамын айқындау туралы ҚР Ұлттық Банкіне хабарлама-хат жолданды.

ҚР ҰБ және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан **KazakhExport**-тың лауазымды тұлғаларына ықпалшаралар, соның ішінде әкімшілік айыппұлдар қолданылған жоқ. 2021 жыл ішінде **KazakhExport** корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша бөлімшелерге кеңес берді.

СЫРТҚЫ АУДИТ

2021 жылы "КПМГ АУДИТ" ЖШС қаржылық есептіліктің сыртқы аудиті бойынша жұмыс жүргізді. Сыртқы аудитормен шарт 2019-2021 жылдарға арналған.

Сыртқы аудитті ұйымдастыру және жүргізу саясатына сәйкес сыртқы аудитор әр бес жыл сайын жоба бойынша серіктесті ауыстыру қағидатын ұстануы керек.

Егер өткен жылы сыртқы аудитті жүзеге асырған сыртқы аудитор таңдалса, мұндай сыртқы аудитормен жоба бойынша әріптестің жоспары дайындалады, ол **KazakhExport**-тың Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне қарауға ұсынылады. Алдыңғы аудитордан өзгеше басқа сыртқы аудиторды таңдаған жағдайда, жоба бойынша серіктестің сабақтастық жоспарын дайындаудың қажеті жоқ.

Әдеп кодексіне сәйкес аудитпен байланысты емес бірқатар аудиторлық емес қызметтерді көрсету сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне әсер ететін мүдделер қақтығысының туындауына әкелуі мүмкін.

Қаржылық есептілік аудитін, салықтар бойынша аудитті, арнайы мақсаттағы аудитті жүзеге асыратын сыртқы аудитордың пайымдауының тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында **KazakhExport**-қа осы аудитордың бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау жөніндегі қызметтерін сатып алуға және/немесе алуға тыйым салынады. Қызметтерді алу кезінде сыртқы аудитор үшін тәуелсіздік қатерінің туындауын анықтау үшін **KazakhExport** ҚР заңнамасын және **KazakhExport** ІНҚ, оның ішінде сыртқы аудитті ұйымдастыру және жүргізу саясатын басшылыққа алады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

СІМ 102-11

Тәуекелдерді басқару жүйесі **KazakhExport** қызметінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады және барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингтеуге, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық пен беделге теріс әсер етуі мүмкін олардың деңгейін төмендету жөніндегі шараларды қабылдауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару жүйесі ішкі капиталдың жеткіліктілігін бағалау процесіне негізделген. Тәуекелдің әр түрі бойынша **KazakhExport** деңгейінде ішкі капиталды есептеу және оны барлық тәуекелдерді жабуға арналған компанияның қолда бар қаржы ресурстарымен салыстыру үшін одан әрі агрегаттау мақсатында оның сандық бағасы жүргізіледі. Ішкі капитал қалыпты және стресстік жағдайларда есептелетін тәуекелдердің мынадай түрлерін ескереді: кредиттік тәуекел, валюталық және пайыздық тәуекел, операциялық тәуекел, бизнес-тәуекел, сақтандыру тәуекелі.

Барлық көрсетілген тәуекелдер **KazakhExport** ішкі құжаттарына сәйкес сәйкестендіріледі және бағаланады және осы тәуекелдер бойынша есептілік тоқсан сайынғы негізде Холдингке ұсынылады. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің талаптарына және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелеріне сәйкес тәуекелдер бойынша тұрақты есептілік енгізілген, онда **KazakhExport** басқармасы мен Директорлар кеңесі тәуекелдер картасын, тәуекелдер бойынша есептерді қоса алғанда, тәуекелдер бойынша ахуал туралы ақпаратты мерзімді негізде алады.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

Тұрақты дамуды басқару

GRI 103-2, 103-3, 302-3, 303-2, 305-5, 305-7, 306-2, 307-1

Болашақ ұрпақтың әл – ауқатына қауіп төндірмей, заманауи қажеттіліктерге жауап беретін экономикалық өзгерістер процесі - тұрақты даму. Тұрақты даму қағидаттарын ілгерілету көптеген компаниялар үшін басты стратегиялық басымдыққа айналды. **KazakhExport** бизнесті жауапты жүргізу қағидаттарын басшылыққа алады, сондай-ақ клиенттерге, олардың мұқтаждықтары мен қауіпсіздігіне ұқыпты қарауды сақтауға, көрсетілетін қызметтердің сапасына қамқорлық жасауға, ел экономикасының өсуіне белгілі бір үлес қосуға ұмтылады.

Бүгінгі таңда климаттың өзгеруі, қоршаған ортаға теріс әсердің салдары, кибершабуылдар қаупі, диджитализация жағдайында қажетті IT-дағдыларын дамыту, жасанды интеллектті дамыту және тағы басқалар өзекті мәселелер болып табылады.

Барлық сын-қатерлерге біздің дәстүрлерімізді сақтай отырып, әлеуметтік, экологиялық және басқару факторларын басқарудың кешенді және жүйелі тәсілі немесе ESG факторлары-бүкіл әлемде қабылданған жауапкершілікті басқару және инвестициялау тәсілі негізінде ғана жауап беруге болады.

Бүгінгі таңда біздің стейкхолдерлер назар аударатын ESG (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару) критерийлерін сақтамай, әлемдік нарықта табысты компания болу мүмкін емес. Корпоративтік басқару, әлеуметтік жауапкершілік және еңбек жағдайлары корпоративтік беделге айтарлықтай әсерін тигізеді.

Бүгінде тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу, сондай-ақ климаттың өзгеру салдарын жұмсарту кешенді мемлекетаралық және салааралық ынтымақтастықсыз мүмкін емес екені айқын болып отыр. 2017 жылы Компания тұрақты даму саласындағы жетекші жаһандық бастамалардың бірі болып табылатын БҰҰ-ның жаһандық шартына қосылды. Тұрақты дамуды басқару саласындағы өз қызметінде Компания мынадай халықаралық тәжірибені негізге ала отырып, қағидаттарды басшылыққа алады:

17 Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) тұрақты дамуының 17 мақсаты;

10 БҰҰ Жаһандық шартының 10 қағидаты (адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет);



GRI (Global Reporting Initiative) қаржылық емес есептілікті ашу стандарттары.

Компания барлық **17 тұрақты даму мақсаттарының** маңыздылығын мойындайды және өз қызметі аясында осы мақсаттарға қол жеткізуге үлес қосуға ұмтылады. Соңғы жылдары ESG тәжірибесін тереңдете дамыту туралы шешім қабылданды. Мақсаты - **KazakhExport** ішінде тұрақты даму мәдениетін арттыру, сенімді және жауапты серіктес ретінде **KazakhExport**-қа мүдделі тараптардың сенімін қамтамасыз ету болып табылады. Осы кезеңде белсенді жұмыстар жүргізілді, тұрақты даму саласындағы ішкі құжаттар әзірленді және жаңартылды.

2019 жыл **KazakhExport** Директорлар кеңесімен **KazakhExport** тұрақты даму саясаты бекітілді

2020 жыл **KazakhExport**-тың 2020-2021 жылдарға арналған тұрақты даму саясатын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы үлгілік шарттарға Тараптардың өз қызметінде тұрақты даму қағидаттарын ұстануға ұмтылысын көздейтін тармақ енгізілген

Тұрақты дамуға қатысты корпоративтік интернет-ресурста жеке бөлім құрылды
Web Content Accessibility Guidelines (WCAG) 2.1 халықаралық стандартына сәйкес ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бейімдеу бөлігінде корпоративтік интернет-ресурс жаңғыртылды.

Халықпен өзара іс-әрекет жасау үшін интернет-ресурста бизнес-мессенджердің интерактивті терезесі жұмыс істейді, сол арқылы азаматтардың барлық сауалдары жедел қаралады. Сондай-ақ, Басқарма төрағасының жеке блогын үш тілде "Ашық диалог" блог-платформасында ашу көзделген

БҰҰ Жаһандық шарты аясында **KazakhExport**-тың қол жеткізген прогресі туралы есеп дайындалды

2021 жыл GRI стандарттарына сәйкес **KazakhExport**-тың 2020 жылғы қызметі туралы жылдық есеп үшін ақпарат дайындалды

KazakhExport-тың тұрақты даму саласындағы қызметінің негізгі көрсеткіштері әзірленді және бекітілді

KazakhExport экологиялық және әлеуметтік саясаты бекітілді

KazakhExport бизнес-процестеріне ESG қағидаттары енгізілді

Тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, андеррайтинг саясаты өзектендірілді

Тұрақты даму қағидаттарын және тұрақты даму саясатын іске асыру жөніндегі іс-шараларды тиісінше орындамау тәуекелін ескере отырып, тәуекелдер тіркелімі өзектендірілді

KazakhExport басшылары үшін "Компанияда тұрақты даму қағидаттарын іске асыру" корпоративтік секторына тұрақты даму қағидаттарын енгізуді түсіндіру бойынша оқыту жұмыстары жүргізілді. Семинар тұрақты даму саласындағы жетекші ресейлік мамандардың қатысуымен өткізілді.

PwC консалтингтік компаниясының (PricewaterhouseCoopers) бағалау қорытындысы бойынша Компания ESG-ақпаратты ашу рейтингісінің ТОП-50-де 34-орынға ие болды

Корпоративтік сайтты ESG-ақпаратпен толтыру кеңейтілді

2022 жыл GRI стандарттарына сәйкес 2021 жылғы жылдық есеп үшін ақпарат дайындау басталды

KazakhExport-тың 2022-2023 жылдарға арналған тұрақты даму саясатын іске асыру жөніндегі жаңа іс-шаралар жоспары негізінде жұмыс жүргізілуде

Коронавирустық инфекция пандемиясы кәсіби бизнес қоғамдастықтардың мүдделерін қозғап қана қоймай, миллиондаған адамдардың әдеттегі өмір салтын өзгертіп, бәріміз үшін нағыз сынға айналды. Әрқайсымыздың жауапты іс-әрекеттеріміз осындай ауқымдағы мәселелерді шешуде маңызды рөл атқаратынына және тұрақты және инновациялық дамудың таңдалған бағытын табысты ұстануға мүмкіндік беретініне сенімдіміз. Есепті кезеңде әлемдік нарықта қалыптасқан күрделі эпидемиологиялық ахуалға және өзге де сын-қатерлерге қарамастан, біз тұрақты дамуды басқарудың өзіндік тәжірибесін дамытуды және жетілдіруді ұдайы жалғастырып келеміз. Біздің ойымызша, ESG факторлары қазіргі таңда өзекті бола түсуде, себебі олар бизнестің болашақ дамуына әсер ететін өзгерістерді басқарудағы үлесі мен жауапкершілік көлемін бағалауға мүмкіндік береді.

3.11.	Директорлар кеңесі комитеттер құру туралы шешім қабылдайды, комитеттердің құрамын, мерзімдері мен өкілеттіктерін айқындайды. Комитеттер онда жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі, құзыреттері мен дағдылары бар Директорлар кеңесі мүшелерінің қатарынан құралады. Комитеттердің құрамын қалыптастыру кезінде ықтимал мүдделер қақтығысының болуы ескеріледі. Комитет төрағалары кәсіби құзыреттермен қатар ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттерге, комитет қызметін тиімді ұйымдастыру үшін жақсы қарым-қатынас дағдыларына ие болуы керек. Комитеттердің отырыстарына тек комитеттердің мүшелері ғана қатысуы тиіс. Қалған адамдардың қатысуына комитеттің шақыруы бойынша ғана рұқсат етіледі. Қажет болған кезде комитеттер сарапшылар мен консультанттарды тарта алады. Комитеттер өз жұмысының жоспарын бекітеді (күнтізбелік жыл басталғанға дейін ұсынылады), ол қаралатын мәселелердің тізбесін және отырыстарды өткізу күндерін көрсете отырып, Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарымен келісіледі. Комитеттердің отырыстарын өткізу кезеңділігі жылына кемінде төрт отырысты құрайды. Комитеттердің отырыстары	+	Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне ("Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Басқармасының 16.06.2021 жылғы № 30/21 хаттамасы) сәйкес Қоғамның директорлар Кеңесі құрамындағы өзгерістерге байланысты, атап айтқанда, директорлар кеңесінің мүшесі А. Б. Мұхамеджановты Қоғамның Директорлар кеңесі болып сайлануымен 2021 жылғы 24 тамызда (№8 хаттама) Директорлар кеңесі Комитеттерінің жаңа құрамы бекітілді	3.12.	Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері арасынан Директорлар кеңесінің алғашқы отырыстарының бірінде Директорлар Кеңесінің өз өкілеттіктерін орындау мерзіміне сайланады. Сайлау туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Қажет болған кезде стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің құрамына тиісті тәжірибесі мен құзыреті бар сарапшылар тартылуы мүмкін. Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылмайтын комитет мүшелерін Комитет Төрағасының ұсынуы бойынша Директорлар кеңесі тағайындайды. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің негізгі функциялары Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруға, оның тиімді қызметіне және тұрақты дамуына ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу жөніндегі мәселелерді қоса алғанда, Қоғам қызметінің басым бағыттарын әзірлеу мәселелері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу және ұсыну болып табылады. Комитеттің нақты мақсаттары мен міндеттері комитет туралы ережеде көзделген.	+																													
				3.13.	Аудит жөніндегі комитеттің құрамына бухгалтерлік есеп пен аудит, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау саласында қажетті білімі мен практикалық тәжірибесі бар тәуелсіз директорлар кіреді. Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады. Аудит жөніндегі комитеттің негізгі функциялары ішкі және сыртқы аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі құжаттарды сақтау мәселелерін және Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша өзге де мәселелерді қамтиды. Бұдан басқа, Аудит жөніндегі комитет Қоғамның сыртқы аудиторларына кандидаттарды бағалайды, сондай-ақ оны Директорлар кеңесіне және Жалғыз акционерге ұсыну алдында аудиторлық ұйымның қорытындысын алдын ала талдайды. Директорлар кеңесінің тәуелсіз болып табылмайтын мүшесі, егер Директорлар кеңесі ерекшелік ретінде осы тұлғаның аудит жөніндегі комитетке мүшелігі Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін қажет деп шешсе, комитет құрамына сайлануы мүмкін. Осы тағайындау пайда	+																													

№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал- ды/ сақтал- майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар	№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал- ды/ сақтал- майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
	болған кезде Директорлар кеңесі осы тұлғаның тәуелділік сипатын ашып, осындай шешімді негіздегені жөн.						
3.14.	Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамына объективті және тәуелсіз шешімдерді әзірлеу және мүдделі тұлғалардың (Жалғыз акционердің, басқарма басшысының, қызметкерлердің және өзге де тұлғалардың өкілдері) комитет мүшелерінің пайымдауына ықпал етуіне жол бермеу мақсатында тәуелсіз директорлар санының көпшілігі кіреді. Комитет мүшелерінің персоналды басқару және оның қызметін бағалау саласында, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында қажетті білімі мен практикалық тәжірибесі болғаны жөн. Комитет төрағасы тәуелсіз директор болып табылады. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу критерийлерін, топ-менеджерлердің кандидатураларын айқындайды, Қоғамның осы адамдарға сыйақы беру саласындағы саясатын әзірлейді, Директорлар кеңесі мүшелерінің және топ-менеджерлердің қызметіне тұрақты бағалау жүргізеді. Комитеттің негізгі функциялары тағайындау (сайлау), уәждемелік ҚНҚ қою, қызметті бағалау, сыйақы беру және Басқарма төрағасы мен мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау мәселелерін, корпоративтік хатшыны тағайындау және сыйақы беру мәселелерін, сондай-ақ Жалғыз акционер осындай өкілеттіктер берген жағдайда Директорлар кеңесінің құрамына қатысты көрсетілген мәселелерді қарауға қатысуды қамтиды. Бұл жағдайда Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшелеріне мүдделер қақтығысына байланысты жағдайдың туындауына жол бермеу және жеке тағайындау және/немесе сыйақы мәселелерін қарау кезінде қатыспау ұсынылады.	+		3.17.	Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар, егер өзге мерзімдер Қоғамның Жарғысында белгіленбесе, алдын ала – кемінде күнтізбелік 10 күн бұрын жіберіледі. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне олар бойынша материалдар мерзімдерді бұза отырып ұсынылған мәселелер енгізілмейді. Күн тәртібіне мерзімі бұзылған мәселелер енгізілген жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасына осы қажеттіліктің толық негіздемесі ұсынылады, аталған мән-жай Қоғамның корпоративтік хатшысының қызметін бағалау кезінде ескеріледі.	+	
3.15.	Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу оның қызметінің барынша нәтижелілігіне ықпал етуі тиіс. Өз міндеттерін орындау үшін Директорлар кеңесінің мүшелері толық, өзекті және уақтылы ақпаратқа қол жеткізуі қажет. Директорлар кеңесі директорлар Кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу бойынша Қоғамның құжаттарында белгіленген рәсімдерді сақтауы тиіс.	+		3.18.	Директорлар кеңесі толық, дұрыс және сапалы ақпарат негізінде шешімдер қабылдайды. Директорлар кеңесінің тиімді және уақтылы шешімдер қабылдауы үшін мынадай шарттардың сақталуын қамтамасыз ету қажет: 1) Директорлар кеңесіне ұсынылатын материалдардың, ақпараттың, құжаттардың жоғары сапасы (оның ішінде қажет болған жағдайда ағылшын тіліне аудару); 2) қажет болған жағдайда сарапшылардың (ішкі және сыртқы) пікірін алу (сарапшыларды тарту Директорлар кеңесінен қабылданған шешім үшін жауапкершіліктен босатпайтынын ескеру керек); 3) Директорлар кеңесінде талқылауға, әсіресе маңызды және күрделі мәселелерге бөлінетін уақыт; 4) мәселелерді уақтылы қарау; 5) шешімдерде одан арғы әрекеттер жоспары, мерзімдері мен жауапты тұлғалар көзделеді. Директорлар кеңесі шешімдерінің сапасына мынадай факторлардың теріс әсер етуі мүмкін: 1) отырыста бір немесе бірнеше директорлардың басым болуы, бұл басқа директорлардың талқылауларына толыққанды қатысуын шектеуі мүмкін; 2) тәуекелдерге ресми қатынас; 3) жеке мүдделерді қудалау және төмен этикалық стандарттар; 4) Директорлар кеңесінің отырысында нақты және белсенді талқылауларсыз шешімдерді ресми түрде қабылдау; 5) ымырасыздық позициясы (икемділіктің болмауы)	+	
3.16.	Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін Директорлар кеңесі бекітетін, қаралатын мәселелердің тізбесін және күндерін көрсете отырып, отырыстар өткізу кестесін қамтитын жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу күндізгі немесе сырттай дауыс беру нысандары арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте сырттай дауыс беру нысаны бар отырыстардың санын барынша азайту қажет. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау мен қабылдау Директорлар	+					

№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал- ды/ сақтал- майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар	№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал- ды/ сақтал- майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
	<p>немесе дамуға деген ұмтылыстың болмауы (ағымдағы жағдайға қанағаттану);</p> <p>6) әлсіз ұйымдастырушылық мәдениет;</p> <p>7) ақпараттың және/немесе талдаудың жеткіліксіздігі.</p> <p>Директорлар кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін қажетті қосымша ақпарат сұрата алады.</p>				<p>Бағалау Директорлар кеңесінің және оның жеке мүшелерінің кәсібилігін арттырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Бағалауды жүргізу тәуелсіз директорлар үшін де, Жалғыз акционердің өкілдері үшін де міндетті.</p> <p>Бағалауды жүргізу жүйелілік, кешенділік, үздіксіздік, шынайылық, құпиялылық сияқты қағидаттар бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу процесін, мерзімдері мен тәртібін Қоғамның ішкі құжаттарында нақты регламенттеген жөн.</p> <p>Бағалау мынадай мәселелерді қарауды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Директорлар кеңесі құрамының Холдинг алдында тұрған міндеттер мәнмәтініндегі оңтайлылығы (дағдылар, тәжірибе теңгерімі, құрамның әртүрлілігі, объективтілігі); 2) Холдингтің пайымын, стратегиясын, негізгі міндеттерін, проблемалары мен құндылықтарын түсінудің айқындылығы; 3) сабақтастық және даму жоспарлары; 4) Директорлар кеңесінің Бірыңғай орган ретінде жұмыс істеуі, Директорлар кеңесінің және Басқарма төрағасының Қоғамның қызметіндегі рөлі; 5) Директорлар кеңесінің Қоғамның Жалғыз акционерімен, басқармасымен және лауазымды тұлғаларымен өзара іс-қимылының тиімділігі; 6) Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысының тиімділігі; 7) Директорлар кеңесі комитеттері қызметінің тиімділігі және олардың Директорлар кеңесімен, Басқарма мүшелерімен өзара іс-қимылы; 8) Директорлар кеңесіне берілетін ақпарат пен құжаттардың сапасы; 9) Директорлар кеңесіндегі, комитеттердегі талқылаулардың сапасы; 10) корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігі; 11) процестер мен құзыреттерді түсінудегі айқындық; 12) тәуекелдерді анықтау және бағалау процесі; 13) Жалғыз акционермен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл. <p>Бағалау тәсілдері өзін-өзі бағалау немесе тәуелсіз кеңесшіні бағалау сапасын арттыру үшін тарту болып табылады. Тәуелсіз сыртқы консультант кемінде үш жылда бір рет тартылады.</p> <p>Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің бүкіл құрамын немесе оның жекелеген мүшесін қайта сайлау, Директорлар кеңесінің құрамын және Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін қайта қарау үшін негіз бола алады.</p> <p>Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің қызмет нәтижелерінде елеулі кемшіліктер болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционермен консультациялар өткізеді.</p> <p>Директорлар кеңесі жыл сайынғы жылдық есепте Директорлар кеңесіне бағалау жүргізу тәсілін және оның нәтижелері бойынша қабылданған шараларды көрсетеді.</p> <p>Жалғыз акционер Директорлар кеңесіне бағалауды дербес немесе тәуелсіз консультантты тарта отырып жүргізе алады. Директорлар кеңесі дербес жүргізген бағалау нәтижелері, Қоғам қызметінің нәтижелері, ҚНҚ орындау және өзге де факторлар назарға алынады.</p>		
3.19.	<p>Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі Директорлар кеңесінің және өзі құрамына кіретін комитеттің отырыстарына қатысады. Бұл нормадан ауытқуға Директорлар кеңесі туралы ережеде айтылған ерекше жағдайларда жол беріледі.</p> <p>Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған Кворум Қоғамның жарғысында айқындалады, бірақ оның мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.</p> <p>Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында немесе Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру мен өткізу тәртібін айқындайтын оның ішкі құжаттарында өзгеше көзделмесе, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында шешімдер отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында мәселелерді шешу кезінде Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Қоғамның директорлар Кеңесінің басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.</p> <p>Қоғамның директорлар Кеңесі шешім қабылдаған кезде директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда шешуші дауыс құқығы Қоғамның директорлар Кеңесінің төрағасына тиесілі болады.</p> <p>Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүдделілігі бар Директорлар кеңесінің мүшесі осы мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тиісті жазба жасалады.</p> <p>Директорлар кеңесі бұрын қабылданған шешімдерге тексеру жүргізуі мүмкін. Шешімнің өзі де, оны қабылдау процесі де талдауға жатады.</p> <p>Директорлар кеңесі өз қызметін бағалауды жүргізген кезде бұрын қабылданған шешімдерге ревизия жүргізу ұсынылады.</p>	+					
3.20.	<p>Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері олардың Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жыл сайынғы негізде бағаланады. Бұл ретте бағалау үш жылда кемінде бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі. Бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің Қоғамды дамытудың стратегиялық міндеттеріне қолжеткізудегі үлесін айқындауға, сондай-ақ бағыттарды анықтауға және жақсарту үшін шаралар ұсынуға мүмкіндік береді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерін қайта сайлау немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады.</p>	+	<p>Директорлар кеңесінің 2020 жылғы қызметін бағалау өз күшімен, сауалнама әдісімен жүргізілді (Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы шешімі, № 13 хаттама).</p> <p>Директорлар кеңесінің 2021 жылғы қызметін бағалау өз күшімен, сауалнама әдісімен жүргізілді (Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы шешімі, № 12 хаттама).</p>				

№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал-ды/ сақтал-майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар	№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал-ды/ сақтал-майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
3.21.	<p>Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыру және Басқарманың Жалғыз акционермен, Директорлар кеңесімен өзара іс-қимыл жасау мақсатында корпоративтік хатшы тағайындалады.</p> <p>Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттік мерзімін, функциялары мен қызмет тәртібін, лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындайды, Корпоративтік хатшы қызметін (хатшылығын) құру туралы шешім қабылдайды (қажет болған жағдайда) және көрсетілген қызметтің бюджетін айқындайды. Корпоративтік хатшы Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және қоғамның басқармасынан тәуелсіз болып табылады. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері Директорлар кеңесі, жалғыз акционер тарапынан корпоративтік шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауға жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің барлық мәселелері бойынша кеңесші рөлін орындауды және осы Кодекстің ережелерін қолдануды, сондай-ақ осы Кодекстің іске асырылуына мониторингті және қоғамда корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысуды қамтиды. Корпоративтік хатшы сондай-ақ осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есепті дайындауды жүзеге асырады, ол қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізіледі. Осы есепте тиісті түсініктемелерді келтіре отырып, Кодекстің сақталмайтын қағидаттары мен ережелерінің тізбесін көрсету қажет.</p> <p>Корпоративтік хатшының негізгі функциялары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Директорлар кеңесінің қызметін қамтамасыз ету бөлігінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Директорлар кеңесінің төрағасына жұмыс жоспарын және отырыстардың күн тәртібін қалыптастыруға көмек көрсету; 2) Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізуді ұйымдастыру; 3) Директорлар кеңесі мүшелерінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша және Директорлар кеңесінің құзыреті аясында шешімдер қабылдау үшін қажетті өзекті және уақтылы ақпарат алуын қамтамасыз ету; 4) Директорлар кеңесі мен комитеттердің отырыстарын хаттамалау, Директорлар кеңесі мен комитеттер отырыстарының хаттамаларын, стенограммаларын, аудио-бейне жазбаларын, материалдарын сақтауды қамтамасыз ету; 5) Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғамның Жарғысы, осы Кодекс, ішкі құжаттар мәселелері бойынша консультация беру, болып жатқан өзгерістердің мониторингін жүзеге асыру және Директорлар кеңесінің мүшелерін уақтылы хабардар ету; 6) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметке енгізуді ұйымдастыру; 7) Директорлар кеңесінің мүшелерін оқытуды және сарапшыларды тартуды ұйымдастыру; 8) Директорлар кеңесі мүшелерінің Басқармамен өзара іс-қимылын ұйымдастыру. <p>Жалғыз акционермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бөлігінде Корпоративтік хатшы Жалғыз акционердің шешімдерін орындаудың</p>	+	<p>Қоғамда Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 22 мамырдағы шешімімен (№5 хаттама) 2022 жылғы 30 маусымға дейін 3 (үш) жыл өкілеттік мерзімімен Корпоративтік хатшы тағайындалды.</p>		<p>және Жалғыз акционердің сұрау салуларына ақпаратты уақтылы ұсынудың тоқсан сайынғы мониторингін қамтамасыз етеді.</p> <p>Корпоративтік басқарудың тиісті практикасын енгізу бөлігінде Корпоративтік хатшы мыналарды қамтамасыз етеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін іске асыру және сақтау мониторингі; 2) осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті дайындау; 3) өз функцияларын орындау аясында заңнамамен, Жарғымен және қоғамның басқа да құжаттарымен бекітілген корпоративтік басқару нормалары бөлігінде бұзушылықтарды анықтау; 4) акционерлерге, лауазымды тұлғаларға, Қоғам қызметкерлеріне корпоративтік басқару мәселелері бойынша консультация беру; 5) корпоративтік басқару саласындағы үздік әлемдік практикаға мониторинг жүргізу және Қоғамда корпоративтік басқару практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу. <p>Мүдделер қақтығысымен жағдайлар туындаған жағдайда Корпоративтік хатшы осы ақпаратты Директорлар кеңесі төрағасының назарына жеткізеді.</p> <p>Корпоративтік хатшының өз міндеттерін орындау үшін білімі, тәжірибесі мен біліктілігі, іскерлік беделі бар. Қоғамның мөлшеріне және оның қызметінің ауқымына қарай корпоративтік хатшы қызметінің құрылуы мүмкін.</p> <p>Корпоративтік хатшы лауазымына жоғары заңгерлік немесе экономикалық білімі, кемінде 5 жылдық жұмыс тәжірибесі және корпоративтік басқару және корпоративтік құқық саласындағы практикалық білімі бар тұлға тағайындалады.</p> <p>Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізудің тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылған материалдардың толықтығы мен пайдалылығы кезең-кезеңімен талқыланады. Осы талқылаулардың нәтижелері Корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігін бағалау үшін негіз болады.</p> <p>Қоғамда Корпоративтік хатшыға қатысты лауазымға енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленуде.</p> <p>Корпоративтік хатшыны іздеу және тағайындау Қоғамның ішкі құжаттарында бекітілген ашық және айқын рәсімдер негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>Корпоративтік хатшы өз қызметін Директорлар кеңесі бекітетін ереженің негізінде жүзеге асырады, онда функциялары, құқықтары мен міндеттері, Қоғамның органдарымен өзара іс-қимыл тәртібі, біліктілік талаптары және басқа да ақпарат көрсетіледі.</p> <p>Өз функцияларын орындау үшін Корпоративтік хатшыға мынадай өкілеттіктер беріледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қоғамның органдарынан, лауазымды адамдарынан және қызметкерлерінен Директорлар кеңесінің отырыстарында шешімдер және Жалғыз акционердің шешімдері қабылдау үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты сұрату және алу; 2) Директорлар кеңесінің отырыстарын ұйымдастыру жөнінде және Қоғамның лауазымды адамдарына Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдер туралы 		

№ р/с	"KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақталды/ сақталмайды	"KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар	№ р/с	"KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақталды/ сақталмайды	"KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
	<p>ақпаратты жеткізу, сондай-ақ олардың орындалуын кейіннен бақылау жөнінде шаралар қабылдау;</p> <p>3) Директорлар кеңесінің төрағасымен және мүшелерімен, басқарма төрағасымен және мүшелерімен, қоғамның қызметкерлерімен, Жалғыз акционермен тікелей өзара іс-қимыл жасау.</p> <p>Қоғамның Басқармасы Корпоративтік хатшыға өз өкілеттіктерін орындау кезінде жан-жақты көмек көрсетеді.</p>				<p>мен шарттарын, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің бюджетін айқындайды.</p> <p>Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесі мен басқармасының құрамына сайлана алмайды.</p> <p>Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және қоғам басқармасынан тәуелсіз болып табылады. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады.</p> <p>Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері Қоғамдағы ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің сапасын бағалауды және Директорлар кеңесінің назарына осы жүйелердің жеткіліктілігі мен тиімділігі туралы ақпаратты жеткізуді қамтиды.</p> <p>Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеті Қоғам қызметінің нәтижелерін жақсартуға көмектесу болып табылады.</p> <p>76. Ішкі аудит қызметі туралы ережеде мыналар айқындалады және бекітіледі:</p> <p>1) халықаралық ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors) қабылдаған қағидаттар мен ережелерді ұстану;</p> <p>2) Қоғамның ішкі аудитінің мәртебесі, мақсаттары мен міндеттері;</p> <p>3) ішкі аудиттің мақсаттары мен міндеттеріне қолжеткізу және Ішкі аудит қызметінің өз функциялары мен міндеттерін тиімді орындауы үшін Ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігін, объективтілігін және кәсібилігін қамтамасыз ету шарттары;</p> <p>4) Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары;</p> <p>5) Ішкі аудит қызметінің көлемі мен мазмұны;</p> <p>6) тиісті тапсырмаларды орындау кезінде құжаттамаға, қызметкерлерге және материалдық активтерге қолжеткізу құқығы;</p> <p>7) Ішкі аудит қызметінің Қоғамның Директорлар кеңесімен және Басқармасымен өзара іс-қимыл жасау және Қоғамның Аудит жөніндегі комитетіне және Директорлар кеңесіне есеп беру тәртібі.</p> <p>Ішкі аудит қызметі туралы ережеде сондай-ақ мынадай міндеттер мен функциялар көзделеді:</p> <p>1) Қоғамның Басқармасы мен қызметкерлеріне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіру бойынша рәсімдер мен іс-шараларды әзірлеуде және олардың орындалуына мониторинг жүргізуде жәрдемдесу;</p> <p>2) Қоғамның сыртқы аудиторымен, сондай-ақ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару саласында кеңес беру бойынша қызметтер көрсететін тұлғалармен қызметті үйлестіру;</p> <p>3) Директорлар кеңесіне және Аудит жөніндегі комитетке Ішкі аудит қызметі қызметінің нәтижелері және (жылдық) аудиторлық жоспардың орындалуы туралы мерзімді есептерді дайындау және ұсыну (оның ішінде елеулі тәуекелдер, кемшіліктер, анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды орындаудың нәтижелері мен тиімділігі, нақты жай-күйді бағалау нәтижелері, тәуекелдерді</p>		
3.22.	<p>Іскерлік этика қағидаттарын сақтау, Қоғамда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында Қоғам/Жалғыз акционер қызметкерлері қатарынан Омбудсмен тағайындалады.</p> <p>Омбудсмен лауазымына кандидат мінсіз іскерлік беделге, жоғары беделге, сондай-ақ бейтарап шешімдер қабылдау қабілетіне ие болуы керек.</p> <p>Омбудсмен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және әр екі жыл сайын қайта сайлануға жатады. Омбудсменнің рөлі өзіне жүгінген жұмыскерлерге, еңбек дауларына, дау-жанжалдарға қатысушыларға консультация беру және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауды (оның ішінде, қажет болған жағдайда құпиялылықты сақтауды) ескере отырып, оларға өзара қолайлы, сындарлы және іске асырылатын шешімді әзірлеуге жәрдем көрсету, Банк жұмыскерлерінің де, сондай-ақ Қоғамның да проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге жәрдем көрсету болып табылады.</p> <p>Омбудсмен жүйелілік сипаттағы және тиісті шешімдерді (кешенді шараларды) қабылдауды талап ететін өзі анықтаған проблемалық мәселелерді қоғамның тиісті органдары мен лауазымды тұлғаларының қарауына шығарады, оларды шешу үшін сындарлы ұсыныстарды енгізеді.</p> <p>Омбудсмен жылына кемінде бір рет Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетіне, Қоғамның Директорлар кеңесіне жүргізілген жұмыстың нәтижелері туралы есеп береді, олар өз қызметінің нәтижелерін бағалайды.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесі омбудсмен қызметінің нәтижелерін бағалайды және омбудсмен қызметін атқаратын тұлғаның өкілеттігін ұзарту немесе тоқтату туралы шешімді қабылдайды.</p>	+	<p>Іскерлік әдеп кодексінің қағидаттарын сақтау, қоғамда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 13 тамыздағы шешімімен (№7 хаттама) 2 жыл мерзімге "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі"АҚ Корпоративтік хатшының орынбасары – Корпоративтік хатшы қызметінің басшысы лауазымын атқаратын қоғамның омбудсмені Майра Дүйсенбайқызы Тұрғанова тағайындалды.</p> <p>Омбудсменнің негізгі функциялары::</p> <p>1) Қоғам қызметкерлерінің, лауазымды тұлғаларының өтініштерін қарау және олардың рұқсаттары үшін ұсынымдар шығару, оның ішінде Қоғамның мемлекеттік органдарымен, басқару органдарымен өзара іс-әрекет жасауы;</p> <p>2) Қоғамдағы моральдық-этикалық ахуалдың жай-күйі туралы жыл сайынғы негізде есепті қалыптастыра отырып, осы іскерлік әдеп кодексінің ережелерін бұзу және сақтамау фактілері бойынша мәліметтер жинау;</p> <p>3) Іскерлік әдеп кодексінің ережелері бойынша қызметкерлерге, лауазымды тұлғаларға кеңес беру;</p> <p>4) Іскерлік әдеп кодексінің ережелерін бұзу жөніндегі дауларды қарауға бастамашылық ету және оларды соттан тыс және сот тәртібімен реттеуге қатысу. Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысы бөлігінде Омбудсмен корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын шешуге жауапты тұлғалармен корпоративтік жанжалдар мен қоғам мүдделерінің қақтығысын реттеу саясатына сәйкес өз әрекеттерін үйлестіреді.</p> <p>2021 жылдың қорытындысы бойынша Қоғам омбудсмені жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы есеп дайындап, Директорлар кеңесіне ұсынған жоқ.</p>		<p>мен шарттарын, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің бюджетін айқындайды.</p> <p>Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесі мен басқармасының құрамына сайлана алмайды.</p> <p>Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және қоғам басқармасынан тәуелсіз болып табылады. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады.</p> <p>Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері Қоғамдағы ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің сапасын бағалауды және Директорлар кеңесінің назарына осы жүйелердің жеткіліктілігі мен тиімділігі туралы ақпаратты жеткізуді қамтиды.</p> <p>Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеті Қоғам қызметінің нәтижелерін жақсартуға көмектесу болып табылады.</p> <p>76. Ішкі аудит қызметі туралы ережеде мыналар айқындалады және бекітіледі:</p> <p>1) халықаралық ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors) қабылдаған қағидаттар мен ережелерді ұстану;</p> <p>2) Қоғамның ішкі аудитінің мәртебесі, мақсаттары мен міндеттері;</p> <p>3) ішкі аудиттің мақсаттары мен міндеттеріне қолжеткізу және Ішкі аудит қызметінің өз функциялары мен міндеттерін тиімді орындауы үшін Ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігін, объективтілігін және кәсібилігін қамтамасыз ету шарттары;</p> <p>4) Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары;</p> <p>5) Ішкі аудит қызметінің көлемі мен мазмұны;</p> <p>6) тиісті тапсырмаларды орындау кезінде құжаттамаға, қызметкерлерге және материалдық активтерге қолжеткізу құқығы;</p> <p>7) Ішкі аудит қызметінің Қоғамның Директорлар кеңесімен және Басқармасымен өзара іс-қимыл жасау және Қоғамның Аудит жөніндегі комитетіне және Директорлар кеңесіне есеп беру тәртібі.</p> <p>Ішкі аудит қызметі туралы ережеде сондай-ақ мынадай міндеттер мен функциялар көзделеді:</p> <p>1) Қоғамның Басқармасы мен қызметкерлеріне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіру бойынша рәсімдер мен іс-шараларды әзірлеуде және олардың орындалуына мониторинг жүргізуде жәрдемдесу;</p> <p>2) Қоғамның сыртқы аудиторымен, сондай-ақ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару саласында кеңес беру бойынша қызметтер көрсететін тұлғалармен қызметті үйлестіру;</p> <p>3) Директорлар кеңесіне және Аудит жөніндегі комитетке Ішкі аудит қызметі қызметінің нәтижелері және (жылдық) аудиторлық жоспардың орындалуы туралы мерзімді есептерді дайындау және ұсыну (оның ішінде елеулі тәуекелдер, кемшіліктер, анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды орындаудың нәтижелері мен тиімділігі, нақты жай-күйді бағалау нәтижелері, тәуекелдерді</p>		
3.23.	<p>Қоғам жұмысын жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызмет ретінде ішкі аудитті жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылды және жұмыс істейді. Ішкі аудит тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйелі және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, қойылған мақсаттарға қолжеткізуге көмектеседі.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады, оның жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері</p>	+	<p>Қоғамның Ішкі аудит қызметі бар.</p>		<p>мен шарттарын, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің бюджетін айқындайды.</p> <p>Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесі мен басқармасының құрамына сайлана алмайды.</p> <p>Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және қоғам басқармасынан тәуелсіз болып табылады. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады.</p> <p>Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері Қоғамдағы ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің сапасын бағалауды және Директорлар кеңесінің назарына осы жүйелердің жеткіліктілігі мен тиімділігі туралы ақпаратты жеткізуді қамтиды.</p> <p>Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеті Қоғам қызметінің нәтижелерін жақсартуға көмектесу болып табылады.</p> <p>76. Ішкі аудит қызметі туралы ережеде мыналар айқындалады және бекітіледі:</p> <p>1) халықаралық ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors) қабылдаған қағидаттар мен ережелерді ұстану;</p> <p>2) Қоғамның ішкі аудитінің мәртебесі, мақсаттары мен міндеттері;</p> <p>3) ішкі аудиттің мақсаттары мен міндеттеріне қолжеткізу және Ішкі аудит қызметінің өз функциялары мен міндеттерін тиімді орындауы үшін Ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігін, объективтілігін және кәсібилігін қамтамасыз ету шарттары;</p> <p>4) Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары;</p> <p>5) Ішкі аудит қызметінің көлемі мен мазмұны;</p> <p>6) тиісті тапсырмаларды орындау кезінде құжаттамаға, қызметкерлерге және материалдық активтерге қолжеткізу құқығы;</p> <p>7) Ішкі аудит қызметінің Қоғамның Директорлар кеңесімен және Басқармасымен өзара іс-қимыл жасау және Қоғамның Аудит жөніндегі комитетіне және Директорлар кеңесіне есеп беру тәртібі.</p> <p>Ішкі аудит қызметі туралы ережеде сондай-ақ мынадай міндеттер мен функциялар көзделеді:</p> <p>1) Қоғамның Басқармасы мен қызметкерлеріне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіру бойынша рәсімдер мен іс-шараларды әзірлеуде және олардың орындалуына мониторинг жүргізуде жәрдемдесу;</p> <p>2) Қоғамның сыртқы аудиторымен, сондай-ақ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару саласында кеңес беру бойынша қызметтер көрсететін тұлғалармен қызметті үйлестіру;</p> <p>3) Директорлар кеңесіне және Аудит жөніндегі комитетке Ішкі аудит қызметі қызметінің нәтижелері және (жылдық) аудиторлық жоспардың орындалуы туралы мерзімді есептерді дайындау және ұсыну (оның ішінде елеулі тәуекелдер, кемшіліктер, анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды орындаудың нәтижелері мен тиімділігі, нақты жай-күйді бағалау нәтижелері, тәуекелдерді</p>		

№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал-ды/ сақтал-майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар	№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал-ды/ сақтал-майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
	басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігі туралы ақпаратты қамтиды); 4) Қоғам Басқармасы мүшелерінің және оның қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске, әдеп талаптарын сақтауға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін және ішкі құжаттарды сақтауын тексеру; 5) сыртқы аудитор ұсынымдарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру; 6) Директорлар кеңесі бекіткен ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқаруды және ішкі аудитті ұйымдастыру және жетілдіру мәселелері бойынша, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша жұмыс жоспары шеңберінде консультациялар беру. 77. Ішкі аудит қызметі, оның басшысы мен қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалауды Директорлар кеңесі ішкі аудит қызметінің есептерін қарау, аудиторлық жоспарды орындау және есептілікті ұсыну мерзімдерін сақтау, есептердің ішкі аудит қызметінің стандарттары мен ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырады.				анықтау процесінде Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті басты рөл атқарады. Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің қарауына кандидаттар, Басқарма құрамына сайлауға ұсыныстарды Басқарма төрағасы енгізеді. Директорлар кеңесі Басқарма басшысы Басқарма құрамына сол бір бос лауазымға ұсынған кандидатты екінші рет қабылдамаған жағдайда, осы бос лауазымға кандидат бойынша ұсыныс енгізу құқығы Директорлар кеңесіне ауысады. Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің (Басқарма төрағасын қоспағанда) өкілеттіктерін кез келген уақытта тоқтата алады. Қоғам Басқармасының мүшелерін үш жылға дейінгі мерзімге сайлау ұсынылады. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімдері жалпы Басқарма өкілеттігінің мерзімімен сәйкес келеді. Қоғам Басқармасы мүшелерін тағайындау және оларға сыйақы беру процестерінің ашықтығын арттыру үшін Директорлар кеңесіне Қоғам Басқармасы мүшелерін тағайындау, сыйақылар, бағалау және сабақтастық жөніндегі ережелерді бекіту және қатаң сақтау ұсынылады.		Директорлар кеңесінің 26.09.2019 жылғы шешімімен (№7 хаттама) бекітілген Қоғамның басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы беру қағидаларында бекітілген.
3.24.	Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма жүзеге асырады. Басқарма төрағасы мен мүшелері жоғары кәсіби және жеке сипаттамаларға, адал іскерлік беделге ие және этикалық стандарттарды ұстанады. Басқарма төрағасы жоғары ұйымдастырушылық қабілеттерге ие, Жалғыз акционермен белсенді өзара іс-қимылда жұмыс істейді және Директорлар кеңесімен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тараптармен сындарлы диалог құрады.	+	Қоғамда алқалы атқарушы орган - Басқарма құрылып, жұмыс істейді. “KazakhExport” ЭСК” АҚ Директорлар кеңесінің 27.02.2020 жылғы шешіміне (№01 хаттама) сәйкес Қоғам Басқармасының сандық құрамы - 5 бірлік бекітілді. 31.12.2021 жағдай бойынша Қоғам Басқармасының құрамына мыналар кіреді: 1. Искаков Р. В. – Басқарма Төрағасы; 2. Жақсыбаев Р. О. - Басқарушы директор-Басқарма мүшесі; 3. Бекхожин Е. Е. - Басқарма Төрағасының Орынбасары; 4. Калигазин А.Е. - Басқарма Төрағасының Орынбасары; 5. Бектыбаева А. Е. - Басқарма төрағасының орынбасары. Қоғам Басқармасының төрағасы мен мүшелері жоғары кәсіби және жеке қасиеттерге, мінсіз іскерлік беделге ие және жоғары этикалық стандарттарды ұстанады.	3.27.	Басқарма Директорлар кеңесінің басшылығымен қоғамның даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын әзірлейді. Басқарма мыналарды қамтамасыз етеді: 1) Қызметті Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарының нормаларына, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асыру; 2) тәуекелдерді тиісті басқару және ішкі бақылау; 3) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру үшін ресурстарды бөлу; 4) Қоғам қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі; 5) Қоғам қызметкерлерінің мүдделілігі мен адалдық атмосферасын құру, корпоративтік мәдениетті дамыту. Директорлар кеңесі Қоғам Басқармасының қызметін бақылауды жүзеге асырады. Бақылау Басқарманың Директорлар кеңесіне орта мерзімді даму жоспарларының орындалуы және жылына кемінде бір рет қолжеткізілген нәтижелер мәселелері бойынша тұрақты есеп беруі және Басқарманы тыңдауы арқылы іске асырылуы мүмкін.	+	
3.25.	Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады, даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын және Директорлар кеңесі мен жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді іске асыруға жауапты болады.	+		3.28.	Басқарма бетпе-бет отырыстар өткізеді және даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін және операциялық қызметті іске асыру мәселелерін талқылайды. Басқарма отырыстары тұрақты негізде өткізіледі. Сырттай отырыстар өткізу жағдайлары шектеулі және Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарында айқындалған. Басқарма күнтізбелік жыл басталғанға дейін мәселелер тізбесімен бірге алдағы жылға арналған жұмыс жоспарын қалыптастырады. Басқарма мүшелері тиісті сападағы қарауға арналған материалдармен алдын ала қамтамасыз	+	
3.26.	Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін (Басқарма төрағасын қоспағанда) сайлайды, өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық жалақысының көлемін, олардың еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындайды. Басқарма құрамына үміткерлерді іздеу және іріктеу, олардың сыйақысын	+	Қоғам Басқармасының қазіргі құрамының өкілеттік мерзімі Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен 18.03.2023 жылға дейін белгіленген (2020 жылғы 27 ақпандағы №01 хаттама). Қоғам Басқармасы мүшелерінің сыйақы беру және қызметін бағалау процестері Қоғамның				

№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақталды/ сақталмайды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар		№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақталды/ сақталмайды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
	етіледі. Даму стратегиялары және/немесе даму жоспарлары, инвестициялық жобалар, тәуекелдерді басқару сияқты мәселелерді қарау кезінде бірнеше отырыстар өткізуге жол беріледі. Әрбір мәселені қарау кезінде шешім қабылдауға/ қабылдамауға байланысты тәуекелдерге және олардың Қоғамның тиімді қызметіне ықпалына жеке талқылау арналады. Басқарманың бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін барлық мәселелерді Басқарма алдын ала қарайды және мақұлдайды.							
3.29.	Басқарма төрағасы мен мүшелері мүдделер қақтығысына байланысты жағдайдың туындауына жол бермейді. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, олар бұл туралы Директорлар кеңесін немесе Басқарма төрағасын алдын ала хабардар етеді, оны жазбаша тіркеу және мәселе бойынша шешім қабылдауға қатыспау қажеттігі туралы хабарлайды.	+				қоспағанда, кандидаттарды бағалау қағидаттары мен критерийлерін бекіту мәселелерінде.		24.12.2020 ж. шешімімен бекітілген “Kazakh-Export” ЭСК” АҚ қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалау қағидаларына, № 83-хаттамаға сәйкес жүзеге асырылады. Қызметтің тиімділігін бағалау кезіндегі негізгі мақсаттар: 1) қызметкерлер қызметінің тиімділігін басқарудың бірыңғай қағидаттарын қамтамасыз ету; 2) құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлер мақсаттарының Қоғамның Даму стратегиясымен және Қоғамның Даму жоспарымен үйлесімділігін қамтамасыз ету; 3) Қоғам қызметкерлерінің әлеуетін және даму перспективаларын анықтау; 4) Қоғамның мақсаттарына сәйкес қызметкерлердің кәсіби дамуына ұйымдасқан тәсілді қамтамасыз ету; 5) қызметкерді басқа лауазымға ауыстыру, еңбекақы төлеу шарттарын өзгерту, сыйлықақы беру және оның мөлшері туралы басқарушылық шешімдерді қолдауды қамтамасыз ету; 6) бағалау негізінде қызметкерлерді көтермелеу және оларға сыйлықақы беру үшін ашық критерийлерді қамтамасыз ету; 7) өлшенетін нәтижелерге қолжеткізу үшін қызметкерлердің жауапкершілігін бекіту.
3.30.	Басқарма төрағасы мен мүшелері Директорлар кеңесінің мақұлдауымен ғана басқа ұйымдарда лауазымдарды атқара алады. Басқарма төрағасы басқа заңды тұлғаның басқарма басшысы лауазымын атқармайды.	+	2021 жылғы 31 желтоқсанда Қоғамның Басқарма төрағасы Р. В. Ысқақов басқа заңды тұлғаның Басқармасында басқа лауазымдарды атқарған жоқ.		3.34.	Басқарма төрағасы мен мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі қойылған ҚНҚ-ға қолжеткізу болып табылады. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің уәждемелік ҚНҚ-ін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді. Басқарма мүшелерінің уәжді ҚНҚ бөлігіндегі ұсыныстарды Директорлар кеңесінің қарауына Басқарма төрағасы енгізеді. Бағалау нәтижелері сыйақы мөлшеріне, көтермелеуге, қайта сайлауға (тағайындауға) немесе өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу тұрақты және ауыспалы бөліктен құралады. Лауазымдық айлықақыны белгілеу кезінде орындалатын міндеттердің күрделілігі, қызметкердің дербес құзыреті және оның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі, осы тұлғаның Қоғамның дамуына қосқан үлесі, ұқсас компаниялардағы лауазымдық айлықақылар деңгейі, Қоғамдағы экономикалық ахуал назарға алынады. Еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, сыйақы Қоғамның директорлар Кеңесі бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес төленеді.	+	«KazakhExport» ЭСК” АҚ Жарғысының 13.2-тармағының 14) тармақшасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне лауазымдық айлықақылар мөлшерін және еңбекке ақы төлеу, сыйлықақы беру (сыйақы), әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, сондай-ақ Қоғам Басқармасының төрағасы мен мүшелеріне сыйлықақы беру (сыйақы) туралы шешім қабылдау жатады. Қоғам Басқармасының төрағасы мен мүшелерін жыл сайын Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі Қоғам қызметінің ерекшелігін ескеретін және негізгі қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді қамтитын қызметтің корпоративтік және функционалдық негізгі көрсеткіштерінен тұратын Басқарма төрағасы мен мүшелері қызметінің қойылған негізгі көрсеткіштеріне қолжеткізу болып табылады. ҚНҚ «KazakhExport» ЭСК” АҚ стратегиялық мақсаттарын каскадтау жолымен және белгілі бір лауазымға/ басшы қызметкерге бекітілген құзырет саласын негізге ала отырып әзірленеді және белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар Кеңесінің бекітуіне шығарылады. 2022 жылға арналған ҚНҚ карталары “Kazakh-Export” ЭСК” АҚ бекітілген түзетілген даму жоспарын ескере отырып әзірленді және Қоғамның Директорлар кеңесінің 17.11.2020 жылғы шешімімен (№10 хаттама) бекітілді.
4.9.	Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесінде тұрақты даму саласындағы қағидаттарды, стандарттарды және тиісті саясаттар мен жоспарларды іске асыру үшін әрбір органның және барлық қызметкерлердің рөлдері, құзыреттері, жауапкершілігі айқындалады және бекітіледі. Қоғамның Директорлар кеңесі стратегиялық басқаруды және тұрақты дамуды енгізудегі бақылауды жүзеге асырады. Қоғам Басқармасы тиісті іс-шаралар жоспарын қалыптастырады. Тұрақты даму мәселелерін дайындау мақсатында комитет құрылады немесе осы функциялар тұрақты даму мәселелері Қоғамның Директорлар кеңесінің жанындағы жұмыс істеп тұрған комитеттердің бірінің құзыреттері шеңберіне беріледі. Қоғамда тұрақты негізде оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламалары жүргізіледі. Оқыту тұрақты дамуды енгізудегі тұрақты элемент болып табылады. Қоғамның лауазымды адамдары тұрақты даму қағидаттарын түсіну мен оған бейімділік және қызметті жүргізу және міндеттерді орындау кезіндегі мәдениетті, мінез-құлықты өзгерту негізінде қызметкерлердің тұрақты дамуға тартылуына ықпал етеді. Қоғамда жыл сайынғы негізде қызметкерлердің қызығушылығы мен қанағаттануы бойынша зерттеулер жүргізіледі.	+	Қоғам тұрақты даму қағидаттарын енгізу мәселелері бойынша міндеттерді іске асыру мақсатында Қоғамның 2021 жылға арналған Тұрақты даму саясатын іске асыру жөніндегі іс – шаралар жоспары (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) және Қоғам тұрақты даму саласындағы 2021-2023 жылдарға арналған қызметінің негізгі көрсеткіштері (бұдан әрі – тұрақты даму саласындағы ҚНҚ) дайындалды және бекітілді. Тұрақты даму саласындағы нысаналы көрсеткіштерді қалыптастыру нәтижелілікті жыл сайын талдай отырып, тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспары мен ҚНҚ негізінде іске асырылатын болады. Жұмысты жүргізудің экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілерінің маңыздылығын артуына байланысты тұрақты даму жөніндегі мамандардың рөлі күннен-күнге маңызды бола түсуде. Қоғам Басқарма мүшелері мен қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерінде жоғарыда көрсетілген іс-шаралар жоспарының орындалуы бекітілген. 2021 жылы Қоғамда тұрақты даму аспектілерін жедел басқаруды реттейтін тұрақты даму жөніндегі менеджер позициясы құрылды, өз құзыреті салалары бойынша бейімді құрылымдық бөлімшелермен келісілді. Қоғаммен компания қызметіне тұрақты даму қағидаттарын енгізу бойынша оқыту жүргізіліп, кейіннен Қоғам қызметкерлерінің тұрақты даму нормаларының маңыздылығын түсіну дәрежесіне тестілеу жүргізілді. Компьютерлік тестілеу қорытындылары бойынша нәтижелілік 100%-ды құрады. Қоғамның барлық қызметкерлерінде тұрақты даму туралы, Қоғам тұрақты даму қағидаттарын өзінің бизнес-процестеріне қалай қолданатыны, сондай-ақ тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге әрбір қызметкердің қандай үлес қоса алатыны туралы оң кешенді түсінік қалыптасты. 2021 жылғы қаңтарда Қоғам қызметкерлерімен “Бәйтерек” ҰБХ” АҚ-ның көмегімен “Deloitte” компаниясының тұрақты даму жөніндегі сарапшылары ұйымдастырған “Тұрақты дамуға және қаржылық емес есептілікке кіріспе” тренингіне қатысты. Сондай-ақ, 2021 жылғы 4-5 наурызда Қоғам “Компанияда тұрақты даму қағидаттарын іске асыру” басшылары үшін корпоративтік секторға тұрақты даму қағидаттарын енгізуді түсіндіру бойынша онлайн-семинар ұйымдастырды. Семинар тұрақты даму саласындағы жетекші ресейлік мамандардың қатысуымен өткізілді. “Бәйтерек” ҰБХ” АҚ-ның көмегімен Ernst&Young Kazakhstan халықаралық консалтингтік компаниясы ұйымдастырған Қоғам қызметкерлерінің жұмылдырылуы мен қанағаттанушылығына зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижелері Қоғам қызметкерлерін жұмылдырудың тамаша деңгейін көрсетті, бұл бірінші кезекте “салауатты” корпоративтік мәдениеттің көрсеткіші болып табылады. Қатысудың жоғары деңгейіне бірқатар факторлар әсерін тигізді: - пандемия кезінде Қоғам басшылығының қолдауы; - қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайларын жасау; - даму мүмкіндігі.			5. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты				
					4.10.	Қоғам әріптестермен тиісті келісім-шарттарға (келісімдерге, шарттарға) орнықты даму қағидаттары мен стандарттарын енгізуді және сақтауды талқылайды. Егер Қоғам серіктестердің экономикаға, экологияға және қоғамға теріс әсер етуіне байланысты тәуекелді анықтаса, онда қоғам мұндай әсерді тоқтатуға немесе алдын алуға бағытталған шараларды қабылдайды. Серіктес тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын қабылдамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, осы серіктестің Қоғам үшін маңыздылығын және оған ықпал ету шараларының бар-жоғын және оны ауыстыру мүмкіндігін назарға алған жөн.	+	Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізуге жауапкершілікпен қарау мақсатында Қоғамда бүгінгі күні тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы барлық шарттарда тараптардың орнықты даму қағидаттарын сақтауын (экологиялық талаптарды сақтауды) көздейтін тармақ ескерілді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе ескерілді. Тендер тәсілімен өткізілетін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысушыларға қатысты және мәмілелер жобалары бойынша сақтанушыларға қатысты сенімділік пен байланыстылық мәніне тексерулер жүргізіледі. Қазақстандық экспорттаушыларға сақтандыру қолдауын ұсыну кезіндегі жауапты тәсіл мақсатында Қоғамның ESG қағидаттарын өзінің бизнес-процестеріне, сондай-ақ андеррайтинг процесіне интеграциялады.		
					5.1.	Қоғамда ондағы өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қолжеткізуде ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және ұйымдастыру саясаттарының, рәсімдердің, мінез-құлық нормалары мен іс-қимылдардың, Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы құрған басқару әдістері мен механизмдерінің жиынтығын білдіретін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесі жұмыс істейді: 1) Қоғам қызметінің тиімділігі, стратегиялық мақсаттар мен оларға ілесіп жүретін тәуекелдер арасындағы оңтайлы теңгерім; 2) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігі және қаржылық тұрақтылығына қолжеткізу; 3) Қоғам активтерінің сақталуы және ресурстарын тиімді пайдалану; 4) қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығы, сенімділігі және дұрыстығы; 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау; 6) алаяқтықтың алдын алу және негізгі және қосалқы бизнес-процестердің жұмыс істеуіне тиімді қолдауды қамтамасыз ету және қызмет нәтижелерін талдау үшін тиісті ішкі бақылау.	+	Қоғамда оның стратегиялық және операциялық мақсаттарға қолжеткізуде ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған өзара байланысты компоненттердің (ұйымдастыру саясаттары, рәсімдері, әдістері, тетіктері, мінез-құлық және іс-қимыл нормалары және т.б.) жиынтығын білдіретін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері жұмыс істейді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін нормативтік реттеу тәуекелдерді басқару процесінің құрылуы мен жұмыс істеуін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар жиынтығының болуымен қамтамасыз етіледі. Қоғамда бекітілген және әрекет етеді: Тәуекелдерді басқару саясаты және осы жүйелердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары мен қатысушыларын айқындайтын ішкі бақылау жүйесі; Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылауды іске асыру жөніндегі процестерді жүзеге асыру тәртібін реттейтін, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылауды іске асыру процестерінің әртүрлі кезеңдерінде пайдаланылатын белгілі бір әдістер мен тәсілдерді белгілейтін қағидалар мен әдістемелер; Тәуекелдерді басқару департаментінің ішкі бақылау жүйесін жетілдіруді, сондай-ақ қоғамдағы тәуекел мәдениетін күшейтуді қамтитын жұмыс жоспары. Жыл сайынғы негізде Қоғамның стратегиялық және операциялық мақсаттар мен міндеттерге қолжеткізу қабілетіне сыни әсер ететін тәуекелдер тіркелімі мен картасын өзектендіру жүргізіледі. Ішкі аудит қызметі белгіленген кезеңділікпен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін бағалауды жүргізеді. Қоғам тәуекелдерін басқару процесінің негізгі қағидаттары: 1) тұтастылығы - Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бөлімінде Қоғамның жиынтықты тәуекелінің элементтерін қарастыру; 2) ашықтық - тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дербес немесе оқшауланған ретінде қарастыруға тыйым салу;		

№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал-ды/ сақтал-майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар		№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал-ды/ сақтал-майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
			<p>3) құрылымдық - тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесі нақты құрылымға ие;</p> <p>4) ақпараттылық - тәуекелдерді басқару объективті, шынайы және өзекті ақпараттың болуымен сүйемелденеді;</p> <p>5) үздіксіздік - тәуекелдерді басқару процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады;</p> <p>6) кезеңдік - тәуекелдерді басқару процесі оның негізгі компоненттерінің үнемі қайталанатын циклын білдіреді. Қоғам тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін үнемі жетілдіріп отырады.</p>			<p>рәсімдерін енгізуді қамтамасыз етеді.</p> <p>Басқарма:</p> <p>1) Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді;</p> <p>2) өзіне бекітілген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қағидаттары мен рәсімдерін практикалық іске асыру және үздіксіз жүзеге асыру арқылы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құруды және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;</p> <p>3) Директорлар кеңесінің шешімдерін және Аудит жөніндегі комитеттің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру саласындағы ұсынымдарын орындауға жауап береді;</p> <p>4) ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мониторингін жүзеге асырады;</p> <p>5) бизнестің сыртқы және ішкі ортасындағы өзгерістерді ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестері мен рәсімдерін жетілдіруді қамтамасыз етеді.</p> <p>Ішкі бақылау қағидаттарын іске асыру және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның Басқармасы тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың нақты рәсімдері үшін өкілеттіктерді, міндеттерді және жауапкершілікті төмендегі деңгейдегі басшылар және/немесе құрылымдық бөлімшелердің басшылары/бизнес-үдерістерінің иелерінің арасында бөледі.</p> <p>Құрылымдық бөлімшелердің басшылары өздерінің функционалдық міндеттеріне сәйкес Қоғам қызметінің өздеріне сеніп тапсырылған функционалдық салаларында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін әзірлеуге, құжаттауға, енгізуге, мониторингілеуге және дамытуға жауапты болады.</p>		<p>“ЭСК” АҚ ішкі бақылау жүйесі туралы саясатта 2019 жылғы (№10 хаттама) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның Басқармасы мен Директорлар кеңесінің міндеттері көрсетілген.</p> <p>Қоғамда тікелей қызмет саласына түсетін тәуекелдерді сәйкестендіру және талдау бойынша функционалдық міндеттердің барлық қызметкерлерін лауазымдық нұсқаулықтарға енгізу, сондай-ақ оларды барынша азайту бойынша қажетті шараларды қабылдау бойынша жұмыс жүргізілді.</p> <p>Қоғам Басқармасы тәуекелдерді басқару жүйесін тиімді іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз етеді. Қоғамдағы тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастырады, тәуекелдерді басқаруға жауапты бөлімшелерді айқындайды. Сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тұтастығы мен функционалдығын қамтамасыз етеді.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы “29” қыркүйектегі шешімімен (№9 хаттама) бекітілген тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес Басқарма қоғамда тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құру үшін қажетті элемент болып табылатын тәуекел-мәдениетті қалыптастыруға жауапты және мынадай функцияларды жүзеге асырады:</p> <p>тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бөлігінде белгіленген мақсаттар мен әдістерге сәйкес қоғамды күнделікті басқаруды жүзеге асырады;</p> <p>Директорлар кеңесі, алқалы органдар, басқарма және қоғамның тәуекелдерді тиімді басқаруды және ішкі бақылауды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелері арасында ақпарат беру тәртібін бекітеді;</p> <p>Директорлар кеңесінің нұсқауларын, ішкі аудит қызметінің ұсынымдары мен ескертулерін, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшенің ұсынымдарын, уәкілетті органның талаптары мен шараларын іске асыруды жүзеге асырады;</p> <p>тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясатты іске асыру мақсатында ішкі құжаттарды бекітеді;</p> <p>төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігінің қажетті деңгейін сақтау мақсатында активтерді әртараптандыру, тиімділік, өтімділік және капиталдың жеткіліктілігі, тәуекелдер бойынша бағдарларды айқындайды;</p> <p>Директорлар Кеңесі белгілеген тәуекелдер лимиттері шегінде операциялар түрлері бойынша тәуекелдер лимиттерін бекітеді;</p> <p>тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшенің ай сайынғы есептері негізінде көрсетілген лимиттердің сақталуын бақылаудың тиімді шараларын қабылдауды қамтамасыз етеді;</p> <p>тәуекелдер бойынша дұрыс статистика негізінде тарифтік саясаттың тәуекелдердің дамуындағы болжамды үрдістерге сәйкестігін қамтамасыз етеді;</p> <p>ұйым үшін әлеуетті тәуекел тудыратын ішкі және сыртқы экономикалық факторларға тұрақты талдау жүргізуді, олардың қаржылық көрсеткіштерге әсер ету дәрежесін бағалауды</p>
5.2.	<p>Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын ішкі құжаттарды осы жүйенің міндеттеріне сүйене отырып бекітеді.</p> <p>Қоғамдағы тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру Қоғам қызметкерлерінің, менеджментінің, органдарының шешімдер қабылдауы кезінде тәуекелдер деңгейінің парасаттылығы мен қолайлылығын түсінуді қамтамасыз етуге, тәуекелдерге жылдам ден қоюға, негізгі және қосалқы бизнес-процестер мен күнделікті операцияларды бақылауды жүзеге асыруға қабілетті басқару жүйесін құруға, сондай-ақ кез келген елеулі кемшіліктер туралы тиісті деңгейдегі басшылықты дереу хабардар етуді жүзеге асыруға бағытталған.</p> <p>Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдері мыналарды көздейді:</p> <p>1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін айқындау;</p> <p>2) шешімдер қабылдаудың барлық деңгейлерін қамти отырып және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процесіндегі тиісті деңгейдің рөлін ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымын қамтиды;</p> <p>3) тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар (тәуекелдерді айқындау тәсілдері, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау тәртібі, ден қою әдістерін айқындау, мониторинг және басқалар);</p> <p>4) ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға және бақылау рәсімдерін жүргізуге қойылатын талаптар (ішкі бақылау жүйесінің негізгі салалары мен негізгі компоненттерінің сипаттамасы, ішкі бақылау саласындағы тиімділік пен есептілікті бағалау тәртібі және басқалар).</p> <p>Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында шоғырландырылған негізде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасының жауапкершілігі бекітіледі.</p>	+	<p>Қоғамдағы тәуекелдерді басқару тұрақты, үздіксіз процесс болып табылады және алқалы органдарды, уәкілетті органдарды, құрылымдық бөлімшелерді және Қоғам қызметкерлерін тарта отырып, барлық деңгейлерде жүзеге асырылады.</p> <p>Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесі қамтамасыз ету мақсатында құрылады:</p> <p>1) қоғамның активтері мен пассивтерін басқарудың тиімділігі мен тиімділігін тексеруді және шығындардың ықтималдығын айқындауды көздейтін Қоғам қызметінің операциялық және қаржылық тиімділігі;</p> <p>2) бұл дұрыс және сапалы қаржылық есептіліктің жасалуын және қоғам шешім қабылдау кезінде пайдаланатын басқа да қаржылық құжаттарды тексеруді көздейді;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы, Акционерлік қоғамдар туралы, Бағалы қағаздар нарығы туралы, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау.</p> <p>Тәуекелдерді басқару саясатында және “KazakhExport” ЭСК” АҚ ішкі бақылау жүйесі туралы саясатында Қоғам Басқармасының және директорлар кеңесінің жауапкершілігі көрсетілген.</p>					
5.3.	<p>Қоғамның әрбір лауазымды тұлғасы шешімді қабылдау кезінде тәуекелдерді тиісінше қарауды қамтамасыз етеді.</p> <p>Қоғам Басқармасы тиісті біліктілігі мен тәжірибесі бар қызметкерлердің тәуекелдерді басқару</p>	+	<p>“KazakhExport” ЭСК “АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі шешімімен (№9 хаттама) бекітілген “KazakhExport” ЭСК “ АҚ тәуекелдерді басқару саясатында және “KazakhExport” ЭСК” АҚ Директорлар кеңесінің 20 қарашадағы шешімімен бекітілген “KazakhExport</p>					

№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал-ды/ сақтал-майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар		№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал-ды/ сақтал-майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
			<p>қамтамасыз етеді; Қоғамның Директорлар кеңесіне ағымдағы және болашақ экономикалық ортаны, нормативтік құқықтық базаны, капитал мөлшерін ескере отырып, жылдық бюджеттерді, стратегиялық жоспарларды жасау бөлігінде ұсынымдар береді; қаржылық тұрақсыздық және төтенше жағдайлар жағдайларында іс-шаралар жоспарының орындалуын және тиісті тоқсан сайынғы есептің ұсынылуын бақылайды; шарттық қатынастардың, Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы, міндетті сақтандыру туралы, Акционерлік қоғамдар туралы, Бағалы қағаздар нарығы туралы, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарының, қаржы құралдарымен операциялар жүргізуді регламенттейтін ұйымның ішкі құжаттарының сақталуына тұрақты талдау жүргізеді; құрылымдық бөлімшелердің ықтимал тәуекелдерді басқарудағы саясатты, белгіленген лимиттер шегіндегі тәуекелдер мөлшерін сақтауын бақылайды; қаржы құралдарымен операциялардан кірістердің (шығыстардың) өзгеруіне олардың нарықтық құнының серпінін ескере отырып талдау жүргізуді қамтамасыз етеді; Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес қоғамның меншікті капиталының ең төменгі талап етілетін деңгейге сәйкестігін қамтамасыз етеді; сыртқы аудиторлардың ұсынымдарын ескере отырып, есепке алу және есептілік жүйесін жақсартуды қамтамасыз етеді; аудиторлық есептерге талдау жүргізеді және анықталған кемшіліктерді жою бойынша тиісті шаралар қабылдау жөнінде Директорлар кеңесіне ұсыныстар береді; қоғамның тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшесінің жұмыс жоспарын жыл сайынғы негізде бекітеді; жыл сайынғы негізде Қоғамның директорлар Кеңесіне Қоғам Басқармасының тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі туралы есебін есепті кезеңнен кейінгі төртінші айдан кешіктірмей ұсынады. Басқарма Қоғамда тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құру үшін қажетті элемент болып табылатын тәуекел-мәдениетті қалыптастыруға жауапты. Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі аудит жүйесін әдіснамалық қолдау процесін үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің жауапкершілігі, өкілеттіктері және ұсынылатын есептілікке қойылатын талаптар Тәуекелдерді басқару саясатында, Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатта, тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылау жүйесін әдіснамалық қолдауға жауапты құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерде және құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында көзделген Қоғам, тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылау жүйесін әдіснамалық қолдауға жауапты.</p>		5.4.	<p>Қоғамдағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымы тәуекелдерді басқару және бақылау мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшенің болуын көздейді, оның міндеттеріне мыналар жатады: 1) тәуекелдерді басқару және бақылау процестерін жалпы үйлестіру; 2) тәуекелдерді басқару және бақылау саласындағы әдістемелік құжаттарды әзірлеу және бизнес-процестердің иелері мен жұмыскерлерге тәуекелдерді сәйкестендіру, құжаттандыру, бақылау рәсімдерін енгізу, мониторингтеу және жетілдіру, тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарларын және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын, олардың орындалуы жөніндегі есептерді қалыптастыру процесінде әдіснамалық қолдау көрсету; 3) тәуекелдерді басқару және бақылау саласында қызметкерлерді оқытуды ұйымдастыру; 4) тәуекелдер қоржынын талдау және тиісті тәуекелдерді басқаруға қатысты ден қою және ресурстарды қайта бөлу стратегиясы бойынша ұсыныстар әзірлеу; 5) тәуекелдер бойынша жиынтық есептілікті қалыптастыру; 6) құрылымдық бөлімшелердің тәуекелдерді басқару процесіне жедел бақылауды жүзеге асыру; 7) тәуекелдерді басқару жүйесінің мәртебесі, орын алып отырған қатерлер және олардың алдын алу/нивелирлеу жөніндегі ұсыныстар туралы Директорлар кеңесін және/ немесе Қоғам басқармасын дайындау және хабардар ету. Тәуекелдерді басқару және бақылау функциясына жетекшілік ететін басшы тәуекелдің иесі болып табылмайды, бұл оның тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару және бақылау жөніндегі функцияларды экономикалық жоспарлауға, корпоративтік қаржыландыруға, қазынашылыққа, инвестициялық шешімдер қабылдауға байланысты функциялармен біріктіру мүмкін емес. Егер мүдделердің елеулі қақтығысы туындамаса, басқа функциялармен біріктіруге жол беріледі.</p>	+	<p>Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы “29” қыркүйектегі шешімімен (№9 хаттама) бекітілген тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесі тәуекелдерді басқару үдерісіндегі үшінші деңгей болып табылады. Оның негізгі функциялары: 1) қауіпті тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау процесін ұйымдастыру және үйлестіру, сондай-ақ қауіпті тіркелімнің және тәуекел картасының, тәуекелдер мен бақылаулардың бизнес-процестерінің матрицасының, тәуекелдің негізгі индикаторларының, Қоғамның қауіпті тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарының иеленушілерімен келісу, сондай-ақ Жоспардың іске асырылуына мониторинг жүргізу; 2) тәуекелдерді басқару саясатын әзірлеу; 3) Қоғамның Басқармасын және Қоғамның Директорлар кеңесін тәуекелдерді басқару үдерістеріндегі ауытқулар туралы ақпараттандыру; 4) іске асырылған тәуекелдердің дерекқорларын жүргізу, тәуекелдерге маңызды әсерін тигізуі мүмкін сыртқы факторларды қадағалау; 5) Қоғамның Директорлар кеңесі мен Қоғамның Басқармасының тәуекелдері бойынша ақпараттарды дайындау және ұсыну; 6) корпоративтік басқару деңгейін диагностикалау шеңберінде “тәуекелдерді басқару” кіші компонентін бағалау бойынша ұсыныстар енгізу жолымен тәуекелдерді басқару жүйелерін мерзімді бағалауды ұйымдастыруға қатысу; 7) қоғамның тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және басқару жөніндегі әдіснамалық базасын, саясаты мен қағидаларын, тәуекелдер мониторингі жөніндегі рәсімдерді әзірлеу, енгізу және жаңарту (қажет болған кезде); 8) басқа бизнес үдерістеріне тәуекелдерді басқарудың біріктірілуін қамтамасыз ету және Қоғамдағы тәуекел менеджментінің мәдениетін дамыту; 9) тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша Қоғамның жұмыскерлерін әдістемелік және кеңестік қолдауды қамтамасыз ету; 10) Қоғамның қызметкерлері үшін тәуекелдерді басқару жөніндегі семинарлар мен оқытатын тренингті жүргізу бөлігінде ұсыныстарды беру; 11) Ішкі аудиттің жоспарын құру, ақпаратпен алмасу, аудиторлық тексерулердің нәтижелерін талқылау, білімдермен алмасу және әдіснама бөлімінде Қоғамның ішкі аудитінің қызметімен өзара әрекеттесу; 12) қоғам қызметіне байланысты тәуекелдер көрсеткіштерінің сипаттамалық және сандық мәндерін айқындауды қоса алғанда, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша жол берілетін мәндерін айқындау; 13) Қоғам қызметі процесінде туындайтын тәуекелдерді басқару жөнінде шаралар қабылдау; 14) сәйкестендірілген тәуекелдерді мониторингтеу, бағалау және бақылау, тәуекелдер картасын жасау, оның ішінде: - қоғамның басқа бөлімшелерімен бірлесіп тәуекелдерді сәйкестендіру бойынша шаралар қабылдау; - тәуекелдердің туындау жиілігін бағалауды қоса алғанда, тәуекелдерді бағалау, осы тәуекелдермен көрсетілген әсерлерді кейіннен жіктеу және тәуекелдер лимиттерін белгілеу;</p>

№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал-ды/ сақтал-майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар		№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал-ды/ сақтал-майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
			<p>- тәуекелдер көрсеткіштері мәндерінің және тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша рұқсат етілген мәндерінің өзгеру мониторингін, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің мәндері тәуекелдер лимиттеріне сәйкес келмеген жағдайда тәуекелдерді барынша азайту мақсатында қабылданатын шараларды қамтитын тәуекелдер мониторингі;</p> <p>15) қоғамның қызметіне залал келтіруге және (немесе) ықпал етуге қабілетті немесе заңсыз сипаттағы кез келген елеулі жағдайлар туралы Директорлар кеңесіне дереу есеп беру;</p> <p>16) қоғамның тиісті бөлімшелерінің анықталған тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеу жөніндегі процесті ұйымдастыру және директорлар Кеңесі бекіткен қоғамның тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарына одан әрі мониторинг жүргізу;</p> <p>17) Төтенше жағдайлар болған жағдайда жоспарды орындау және қоғам қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды ұйымдастыру;</p> <p>18) тұрақты талдау:</p> <p>- қаржы көрсеткіштерінің (стресс-тестілер және қабылданған тәуекелдер деңгейінің тұрақты мониторингі аясында);</p> <p>- өтімділік, төлем қабілеттілігі, капиталдың жеткіліктілігі көрсеткіштеріне қаржы құралдарына баға өзгерістерінің әсер етуі (стресс-тестілер және қабылданған тәуекелдер деңгейінің тұрақты мониторингі аясында);</p> <p>19) макроэкономикалық факторлардың тиімділікке, өтімділікке, меншікті капиталдың жеткіліктілігіне әсерін болжау;</p> <p>20) Директорлар кеңесіне және Басқармаға тоқсан сайынғы негізде тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау және талдау жөніндегі есепті ұсыну;</p> <p>21) Қоғам Басқармасы шешімдерінің орындалуына және қабылданған шешімдердің тиімділігін анықтауға тұрақты мониторинг жүргізу;</p> <p>22) тәуекелдерді басқару бөлігінде бөлімшелер қызметінің бекітілген ішкі саясатқа сәйкестігін қамтамасыз ету;</p> <p>23) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының “Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы” 2018 жылғы 27 тамыздағы №198 Қаулысына сәйкес андеррайтинг, қайта сақтандыру, сақтандыру төлемдері, сақтандыру резервтерінің, инвестициялық, операциялық, ілеспе және комплаенс тәуекелінің жеткіліксіздігі тәуекелін басқару жөніндегі міндеттерді орындауды қамтамасыз ету;</p> <p>24) корпоративтік стратегияны және тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі саясатты түзету мақсатында Басқармаға жылына кемінде бір рет ұсыну:</p> <p>- барлық тәуекелдер, олардың ықтималдылық дәрежесі, ұйымның дайындық дәрежесі, оларды барынша азайту бойынша жүргізілген іс-шаралар, ден қою шаралары туралы сандық және сапалық деректерді ескере отырып, Қоғамның ағымдағы жай-күйіне егжей-тегжейлі шолу жасалатын есеп; Комплаенс-қызметімен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріндегі өзгерістер бөлігінде, сондай-ақ стратегия мен экономикалық жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімшемен бірлесіп, Қоғам қызметінің қаржылық</p>		5.5.	<p>Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингке рәсімін, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақытылы және барабар шаралар қабылдауды көздейді. Тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдер жаңа тәуекелдерге жылдам ден қоюды, оларды нақты сәйкестендіруді және тәуекел иелерін айқындауды қамтамасыз етеді. Қоғамның бәсекелес немесе экономикалық ортасында кез келген күтпеген өзгерістер болған жағдайда тәуекелдер картасын және оның тәуекел-тәбетке сәйкестігін қайта бағалау жүзеге асырылады. Директорлар кеңесі тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейін және қоғамның ішкі құжаттарымен бекітілетін негізгі тәуекелдерге қатысты төзімділік деңгейін бекітеді. Негізгі тәуекелдер бойынша төзімділік деңгейлері елеулі оқиғалар туындаған жағдайда қайта қаралады. Күнделікті қызметтегі тәуекелдерді шектейтін лимиттер белгіленеді. Тән тәуекелдерді толық және анық түсіну үшін Қоғамда кем дегенде жыл сайынғы негізде тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жүргізіледі, олар Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелдер тіркелімінде, тәуекелдер картасында, тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарында (процестерді жақсарту, барынша азайту стратегиясы) көрсетіледі. Директорлар кеңесі тәуекелдер тіркелімі мен картасын қарау кезінде оларға стратегиялық міндеттерді іске асыруға шынымен әсер етуі мүмкін тәуекелдердің енгізілуін, ал тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау кезінде іс-шаралардың пайдалы екендігіне көз жеткізуді қамтамасыз етеді. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы негізгі тәуекелдер, Қоғамның Даму стратегиясы мен жоспарына ықпал ету тұрғысынан оларды талдау туралы тұрақты түрде ақпарат алады. Талап-арыздар бойынша есептер Директорлар кеңесінің отырысына тоқсанына кемінде бір рет шығарылады және тиісті түрде толық көлемде талқыланады.</p>	+	<p>Қоғамның тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі тәуекелдердің кең спектрін анықтауға және оларды кешенді түрде қарастыруға бағытталған, бұл бар тәуекелдер бойынша тұтас көріністі көрсетуге ықпал етеді және тәуекелдерді талдаудың сапасын арттырады.</p> <p>“KazakhExport “ЭСК” АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы “10” қарашадағы шешімімен бекітілген (№10 хаттама) бизнес-процестерді, оларға тән тәуекелдерді және тәуекелдің негізгі индикаторларын айқындау әдістемесіне және “KazakhExport “ЭСК” АҚ Кеңесінің шешімімен бекітілген “KazakhExport “ЭСК” АҚ операциялық, ілеспе тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес”2022 жылғы 26 сәуірдегі (№5 хаттама) қоғам қоршаған тәуекелдер туралы хабардар болуды арттыру тәуекелдерінің барынша көп спектрін анықтау және ұйымның тәуекел - мәдениетін дамытуды ынталандыру мақсатында барлық құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің қатысуымен тәуекелдерді сәйкестендіру тұрақты негізде жүргізді.</p> <p>Тәуекелдерді сәйкестендіру үшін қойылған мақсаттар мен міндеттер, сұхбаттасу, орын алған залалдардың дерекқоры және т.б. негізінде тәуекелдерді сәйкестендіру сияқты Қоғамның тәуекелдерін сәйкестендіруді және бағалауды реттейтін Қоғамның ішкі құжаттарында толығырақ сипатталған түрлі әдістемелер мен құралдардың комбинациясы пайдаланылады. Сәйкестендірілген оқиғалар мен тәуекелдер тәуекелдер тіркелімі нысанында жүйеленеді. Қоғамның тәуекелдерінің тіркелімі Қоғам өзінің қызметінде бетпе-бет келетін тәуекелдердің тізбесін білдіреді, оған сонымен қатар тәуекелді іске асырудың мүмкіндігі бар түрлі салдары кіреді. Әр тәуекел бойынша тәуекелдің меншік иесі, яғни, өздерінің атқарымдық міндеттемелеріне байланысты осы тәуекелмен жұмыс істейтін бөлімшелер (сондай-ақ құрылымдық бөлімшелерге кірмейтін жұмыскерлер) анықталған. Тәуекелдің тіркелімі жаңа тәуекелдерді анықтауына байланысты тұрақты негізде</p>

№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал- ды/ сақтал- майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар	№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақтал- ды/ сақтал- майды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
			<p>Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен және жұмыскерлермен толықтырылады. Құрылымдық бөлімшелер және құрылымдық бөлімшелерге кірмейтін қызметкерлер қоғамның тәуекелдер тіркелімін толтыру үшін ақпаратты ұсынуға жауапты.</p> <p>Барлық сәйкестендірілген және бағаланатын тәуекелдер тәуекелдердің картасынан көрінеді. Тәуекелдердің картасы әр тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын бағалауға (басқа тәуекелдермен салыстырғанда), сонымен қатар, сыни болып табылатын тәуекелдерді бөліп алуға мүмкіндік береді және оларды басқару бойынша іс-шараларды әзірлеуді талап етеді.</p> <p>Негізгі тәуекелдерді анықтау және бағалау барысында тәуекелдің рұқсат етілген деңгейін көрсететін қоғамның тәбеті есептеледі. Бұл жағдайда тәуекелге төзімділік анықталады, яғни қоғам өз қызметіне айтарлықтай зиян келтірместен қабылдай алатын тәуекелдер деңгейі.</p> <p>Тоқсан сайынғы негізде Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару бойынша есеп ұсынылады, онда мынадай компоненттер бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тәуекелдер тіркелімі (анықталған тәуекелдер; ағымдағы қызметті жүргізу барысында туындауы мүмкін тәуекелдер), тәуекелдер картасы және қауіпті тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары; 2) қауіпті тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы ақпарат (тәуекелдерді алып тастауды барынша азайту бойынша жүргізілетін жұмыс); 3) тәуекелдер портфеліне елеулі әсер етуі мүмкін тәуекелдердің негізгі индикаторлары туралы ақпарат; 4) іске асырылған тәуекелдер бойынша ақпарат; 5) тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары; 6) Қажетіне қарай, белгіленген тәуекелдерді басқару үдерістерінен маңызды ауытқуы туралы ақпарат. 7) тәуекелдер бойынша лимиттердің сақталмауы туралы ақпарат (болған жағдайда); 8) Қажетіне қарай, тәуекелдерді басқару саласындағы реттеуші талаптарды сақтау туралы ақпарат (бар болса); 9) қоғамның уәкілетті органдары бекіткен қаржылық тәуекелдердің жекелеген түрлерін басқару жөніндегі қағидаларға сәйкес қаржылық тәуекелдер бойынша есеп; 10) тәуекел болжамды жылға тәбет (жылына бір рет), түзетілген тәуекел-тәбет тоқсан сайын (қажет болған жағдайда); 11) есепті кезеңдегі қаржылық көрсеткіштердің қысқаша талдауы; 12) тәуекелдерді басқару жүйесінің барабарлығы мен тиімділігі. 		<p>басқару және ішкі бақылау жүйесімен танысу үшін оқудан/кіріспе нұсқамадан өтеді. Осындай оқыту нәтижелері бойынша білім тестілеуі өткізіледі. Тәуекелдерді басқару және бақылау жүйесі шеңберінде Қоғамда оның кез келген қызметкерімен және лауазымды тұлғасымен Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі рәсімдерді, Іскерлік әдеп кодексін бұзу фактілері туралы Директорлар кеңесін (аудит жөніндегі комитетті) және ішкі аудит бөлімшесін ақпараттандырудың қауіпсіз, құпия және қолжетімді тәсілі (жедел желісі) ұйымдастырылған.</p>		<p>бейімдеу оқыту нәтижелері бойынша тестілеу жүргізіледі.</p>
				5.7.	<p>Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің және корпоративтік басқару тәжірибесінің сенімділігі мен тиімділігін жүйелі тәуелсіз бағалау үшін ішкі аудит қызметі құрылды.</p>	+	<p>Қоғамда Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. Қоғамның Директорлар кеңесінің 15.02.2018 ж. шешімімен (№1 хаттама) ІАҚ сандық құрамы мен өкілеттік мерзімі анықталды, ІАҚ басшысы мен қызметкерлері тағайындалды. 2020 жылдың соңында қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамы 2 (екі) бірлік көлемінде айқындалды: басшы, бас ішкі аудитор. Қоғамның Директорлар кеңесінің 28.01.2021 ж. шешімімен (№1 хаттама) ішкі аудит қызметі өкілеттілігінің жаңа мерзімі белгіленді.</p> <p>ІАҚ – ішкі аудитті жүзеге асыратын қоғамның органы-ұйымның жұмысын жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызмет. Ішкі аудит ұйымға тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалау мен тиімділігін арттыруға жүйелі және дәйекті тәсілді қолдана отырып, қойылған мақсаттарға қолжеткізуге көмектеседі.</p> <p>ІАҚ қоғамда ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесіне тікелей ұйымдастырушылық бағынысты және функционалдық есеп беретін болып табылады.</p>
				5.8.	<p>Ішкі аудит қызметі өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелге бағдарланған (жылдық) аудиторлық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады. Аудиторлық есептердің нәтижелері, негізгі анықтаулар мен тиісті ұсынымдар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.</p> <p>Ішкі аудит қызметінің басшысы Қоғамда қабылданған тәуекелдерді басқару тұжырымдамасын назарға алады, сондай-ақ Қоғамның басқармасымен және Аудит комитетімен кеңескеннен кейін қалыптасқан тәуекелдер туралы өз пікірін қолданады.</p>	+	<p>Ішкі аудит қызметі жыл сайын қоғамның Тәуекелдерін басқару және/немесе тәуекелдерді дербес бағалау жүйесінің деректері негізінде алдағы күнтізбелік жылға Қоғамның тәуекелдерін, стратегиялық міндеттерін ескере отырып, Қоғам қызметінің ішкі аудитінің басымдықтарын айқындайтын жылдық аудиторлық жоспарды әзірлейді және оны аудит жөніндегі комитет алдын ала қараған Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне ұсынады.</p> <p>2021 жылы Қоғамның Ішкі аудит қызметі өз қызметін “KazakhExport” ЭСК” АҚ Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарының негізінде жүзеге асырды. Қоғамның Директорлар кеңесінің 25.12.2020 ж. шешімімен (№13 хаттама) 2021 жылдың қаңтар-ақпан айларына аудиторлық жоспар бекітілді. ДҚ 30.03.2021 жылғы шешімімен (№2 хаттама) 2021 жылға арналған ГАП бекітілді.</p> <p>Аудиторлық есептердің нәтижелері, негізгі анықтаулар мен тиісті ұсынымдар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады. Ішкі аудит қызметінің басшысы Қоғамда қабылданған тәуекелдерді басқару тұжырымдамасын назарға алады, сондай-ақ Қоғамның басқармасымен және Аудит комитетімен кеңескеннен кейін қалыптасқан тәуекелдер туралы өз пікірін қолданады.</p>
5.6.	<p>Қоғамда тәуекелдерді басқару және бақылау саласындағы ашық қағидаттар мен тәсілдер, қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларды тәуекелдерді басқару жүйесі туралы оқыту практикасы, сондай-ақ құжаттау және қажетті ақпаратты лауазымды тұлғалардың назарына уақытылы жеткізу процесі енгізілген. Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері жыл сайын, сондай-ақ жұмысқа қабылдау кезінде қабылданған тәуекелдерді</p>	+	<p>Қоғамда жыл сайын тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі бойынша оқыту жүргізіледі. Осындай оқыту нәтижелері бойынша Қоғам жұмыскерлерінің біліміне тестілеу өткізіледі. Тоқсан сайынғы негізде қоғамның тәуекел-үйлестірушілерімен кездесулер өткізіледі. Қоғамның жаңадан қабылданатын қызметкерлері үшін автоматтандырылған бейімдеу оқытулары енгізілді. Жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде</p>				

№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақталды/ сақталмайды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар		№ р/с	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелері	Сақталды/ сақталмайды	“KazakhExport” экспорттық сақтандыру компаниясы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
5.9.	Ішкі аудит қызметі өз қызметін жүзеге асыру кезінде Директорлар кеңесі бекіткен әдістемелерге сәйкес ішкі аудит саласындағы қызметтің жалпы қабылданған стандарттарын және корпоративтік стандарттарды қолдана отырып, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігіне бағалау жүргізеді. Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау мыналарды қамтиды: 1) бизнес-процестер мақсаттарының, жобалар мен құрылымдық бөлімшелердің Қоғамның мақсаттарына сәйкестігіне талдау жүргізу, бизнес-процестердің (қызметтің) және ақпараттық жүйелердің сенімділігі мен тұтастығын, оның ішінде құқыққа қарсы іс-қимылдарға, теріс пайдалануларға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл рәсімдерінің сенімділігін тексеру; 2) бухгалтерлік (қаржылық), статистикалық, басқарушылық және өзге де есептіліктің анықтығын қамтамасыз етуді тексеру, бизнес-процестер мен құрылымдық бөлімшелер қызметінің нәтижелерін қойылған мақсаттарға сәйкестігін анықтау; 3) қойылған мақсаттарды орындау (қол жеткізу) дәрежесін талдау үшін Қоғам Басқармасы белгілеген өлшемдердің барабарлығын анықтауды; 4) қойылған мақсаттарға қолжеткізуге мүмкіндік бермейтін ішкі бақылау жүйесінің кемшіліктерін анықтау ; 5) басқарудың барлық деңгейлерінде іске асырылатын бұзушылықтарды, кемшіліктерді жою және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды енгізу (іске асыру) нәтижелерін бағалау; 6) ресурстарды пайдаланудың тиімділігі мен орындылығын тексеру; 7) Қоғам активтерінің сақталуын қамтамасыз етуді тексеру; 8) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттары талаптарының сақталуын тексеру. Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау мыналарды қамтиды: 1) тәуекелдерді тиімді басқару үшін тәуекелдерді басқару жүйесі элементтерінің жеткіліктілігі мен жетілуін тексеру (мақсаттары мен міндеттері, инфрақұрылым, процестерді ұйымдастыру, нормативтік-әдіснамалық қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару жүйесі аясында құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылы, есептілік); 2) атқарушы органның оны басқарудың барлық деңгейлерінде тәуекелдерді бағалаудың толықтығын және дұрыстығын тексеру; 3) осы мақсаттарға бөлінген ресурстарды пайдалану тиімділігін қоса алғанда, бақылау рәсімдерінің және тәуекелдерді басқару жөніндегі өзге де іс-шаралардың тиімділігін тексеру; 4) іске асырылған тәуекелдер (ішкі аудиторлық тексерулердің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар, қойылған мақсаттарға қолжеткізбеу фактілері, сот талқылаулары фактілері) туралы ақпаратқа талдау жүргізу. Корпоративтік басқаруды бағалау мыналарды тексеруді қамтиды: 1) Қоғамның этикалық қағидаттары мен корпоративтік құндылықтарын сақтау; 2) мақсаттар қою, оларға қолжеткізуді мониторингтеу және бақылау тәртібі; 3) мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қоса алғанда, басқарудың барлық деңгейлеріндегі	+	Қоғамның Ішкі аудит қызметі өз қызметін жүзеге асыру кезінде (жекелеген тапсырмалар аясында) Директорлар кеңесі бекіткен өлшемшарттарға сәйкес және Қазақстан Республикасы заңнамасының және корпоративтік стандарттардың тиісті нормаларын ескере отырып, ішкі аудит саласындағы қызметтің жалпы қабылданған стандарттарын және корпоративтік стандарттарды қолдана отырып, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін бағалауды жүргізеді. қолданылатын халықаралық стандарттар мен үздік практикаларды айқындау жатады. Қоғамның ішкі аудитін ұйымдастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес ішкі аудит қызметі ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару (тұтастай және/немесе негізгі бизнес-процестер бөлінісінде) және тиісті салалардағы корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін бағалауды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес кезең-кезеңімен, кемінде екі жылда бір рет жүргізеді. 2021 жылы ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін бағалау жеке жүргізілген жоқ.		5.10.	Қоғам тәуелсіз және білікті аудиторды тарту арқылы қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудитін жүргізеді, ол мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның ХҚЕС талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір береді. Жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген болса, жыл сайынғы аудит бөлігіндегі нормалар қолданылады. Сыртқы аудиторды таңдау конкурстың негізінде жүзеге асырылады. Іріктеу процесінде байқауды өткізу мақсатында әзірленген біліктілік талаптарын және/немесе техникалық ерекшелікті келісетін Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті маңызды рөл атқарады.	+	Қоғам тәуелсіз және білікті аудиторды тарту арқылы қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудитін жүргізеді, ол мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның ХҚЕС талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір береді. 2019-2021 жылдарға арналған сыртқы аудиторды таңдау кезінде Холдинг және оның еншілес ұйымдары үшін қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілетін қызметтерді орталықтандырылған сатып алу жүзеге асырылды. “Бәйтерек” ҰБХ” АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдары үшін 2019-2021 жылдарға арналған қаржылық ревизиялар (қаржылық есептілік аудиті) жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтерді орталықтандырылған ұзақ мерзімді сатып алу жөніндегі тендер қорытындысының 20.02.2020 ж. № 9897 хаттамасына сәйкес тендерге қатысуға екеуден кем әлеуетті жеткізушінің өтінімдері ұсынылғандықтан, тендер өткізілмеді деп танылды, бұл ретте әлеуетті жеткізуші - “КПМГ-Аудит” ЖШС тендер қорытындысы бойынша жіберілді. Осыған байланысты, жалғыз акционер бір көзден сатып алуды ұсынды. Қоғамның жалғыз акционерінің 2019 жылғы 21 мамырдағы шешіміне (“Бәйтерек” ҰБХ” АҚ Басқармасы отырысының № 26/19 хаттамасы) сәйкес 2019-2021 жылдарға қаржылық есептіліктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып “КПМГ Аудит” ЖШС анықталды. 2019-2021 жылдарға қаржылық есептілік аудитіне 01.04.2019 ж. № 13-01-03/267 ұзақ мерзімді шарт жасалды. 2022 жылғы 12 мамырда “Бәйтерек” Ұлттық басқарушы холдингі” АҚ шешімімен Қоғамның 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігі бекітілді (№21/22 шешім).
